

#КүшімізБірлікте

Жалпы әкімшілік тәсілдерден бас тартып, басқарудың заманауи технологияларына жан-жақты бет бұру қажет. Мемлекеттік қызмет жөніндегі уәкілетті орган мемлекеттік қызметтің іс жүзінде сервистік және тұтынушыға қолайлы болуы үшін мемлекеттік қызмет жүйесін қайта құруы керек.

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ.

ОРТАЛЫҚ АЛАҢ



«ОЛИМПИАДАЛЫҚ ДИПЛОМАТИЯ»

3

НЕ БАЙҚАДЫҢЫЗ?



«ҚАНАТЫ БҮТІН СҰҢҚАР ЖОҚ...»

10

#ЕКПЕАЛ



KAZHYDROMET.KZ

Алматы қаласы бойынша ауа райы болжамы (бүгін және ертең)

8.02.2022

Түнде:



-3-5 °C

Көшпелі бұлтты, жауын-шашынсыз. Тұман.

Күндіз:



0,+2 °C

Көшпелі бұлтты, жауын-шашынсыз. Таңертең тұман.



Желдің жылдамдығы: 0-5 м/с

9.02.2022

Түнде:



-3-5 °C

Көшпелі бұлтты, кей уақытта қар, тұман.

Күндіз:



0,-2 °C

Көшпелі бұлтты, кей уақытта қар, тұман.



Желдің жылдамдығы: 0-5 м/с

МЫҢ ЖАСАҒАН ШАҺАРДЫҢ ШАМШЫРАҒЫ



Газет 1988 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады | www.almaty-akshamy.kz | №14 (6149) 8 ақпан, сейсенбі, 2022 жыл.

АЛАШТЫҢ АБЫЗЫ

Классик жазушы Әбдіжәміл Нұрпейісов 98 жасқа қараған шағында дүниеден өтті



Суретті түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

Кеше қазақ елі аса көрнекті қаламгер, Қазақстанның Еңбек Ері, Халық жазушысы, қазақ әдебиетінің патриархы, Ұлы Отан соғысының ардагері Әбдіжәміл Кәрімұлы Нұрпейісовті соңғы сапарға шығарып салды.

Қаралы жиында Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың көңіл айту жеделхатын Мемлекеттік хатшы Ерлан Қарин оқып берді.

5

ҚАЛАЛЫҚТАР ҚАПЕРІНЕ

ҚАРУДЫ ТАПСЫРУҒА АСЫҒЫҢЫЗ

Алматыда заңсыз сақталған қаруды тәркілеу операциясы басталды

Алматыда 7 ақпандан бастап арнайы шешім қабылданғанға дейін «Қару» іс-шарасы өтіп жатыр. Мегаполис полициясының жеке құрамы күшейтілген жұмыс режиміне көшті.



Әсел ДАҒЖАН

«Максат – қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, атыс қаруымен оқ-дәрілерді қолдану арқылы жасалатын қылмыстардың алдын алу және оларды жедел ашу. Тәжірибе көрсеткендей, мұндай шаралар мегаполистегі криминогенді жағдайды ауыздықтап, қоғамдық тәртіпті жақсартуға оң әсер етеді. Алматы полициясының жеке құрамы қызметтің күшейтілген жұмыс режиміне көшірілді. «Қару» жедел-алдын алу шарасы тіркелмеген қаруды заңсыз айналымнан шығаруға барынша мүмкіндік береді», – деп мәлімдеді Алматы қалалық Полиция департаментінің басшысы Қанат Таймерденов.

Сондай-ақ, осы іс-шара аясында азаматтық қарудың жеке иелерінде оны сақтайтын орын мен қару сақталатын бөлмелердің қауіпсіздік жүйесінің бар-жоғы тексерілетін болады. Департамент басшысының айтуынша, қару қабылдау науқаны барысында заңсыз қаруы бар азаматтарға оны өз еркімен тапсыруға мүмкіндік беріледі. «Бұл ретте қару мен оқ-дәрілерді тапсырғандардың қандай да бір қылмысқа қатысы анықталмаса, қылмыстық жауапкершіліктен босатылады. Сонымен қатар, заңсыз сақталған қару-жарақ пен оқ-дәрілерді өз еркімен тапсырмаған азаматтар анықталған жағдайда қылмыстық жауапкершілікке тартылатынын ескертеміз», – деп түйіндеді Қанат Таймерденов.

ҚЫСҚА...

- Бүгін Мемлекет басшысының төрағалығымен Үкіметтің отырысы өтеді.
- Мәдениет және спорт министрлігінің бекітуімен 22 қазан – Кітапханашы күні болып бекітілді.
- Еліміздегі ЖОО-лар мен ғылыми-зерттеу институттары бірлесіп жұмыс істейтін болды.
- Алматыда бизнес шығынын өтеу жөніндегі комиссия тағы 39 өтінімді мақұлдады.
- Алматылық дәрігерлер биіктен құлап кеткен 45 жастағы тұрғынды аман алып қалды.

www.almaty-akshamy.kz



ГАЗЕТТІ ЖЕТКІЗУ БОЙЫНША ШАҒЫМДАР БОЛСА,
«Қазпошта» АҚ Алматы почтамтына
259-88-99 (ішкі 20500, 20018) телефондары бойынша хабарласыңыз!





КОМИССИЯ

КӘСІПКЕРЛЕРГЕ КӨМЕК



Суретті түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

Әсел
ДАҒЖАН

Қаладағы қаңтар оқиғаларынан кейін шағын және орта бизнес шығындарын өтеу жөніндегі Комиссия кәсіпкерлердің тағы 39 өтінімін мақұлдады.

ШОБ субъектілеріне келтірілген шығынды өтеу жөніндегі Аймақтық комиссияның 6.02.2022 жылғы отырысында жалпы сомасы 85,7 млн. теңгеге

39 өтінім мақұлданды. Оның ішінде 8,4 млн. теңге сомаға 5 өтінім бюджет қаражатынан, «Жаңа Алатау» қайырымдылық қоры (қаржысынан 77,3 млн. теңге сомаға 34 өтінім өтелді).

Комиссияның жұмысы басталғаннан бері барлығы 456,1 млн. теңге сомаға 260 өтінім мақұлданды. Оның ішінде бюджет қаражатынан 157,1 млн. теңгеге 108 өтінім, қор қаржысынан 299 млн. теңгеге 152 өтінім. Бірінші кезекте 5 млн. теңгеге дейінгі төлем сомасымен микро және шағын бизнестен түскен өтінімдер жедел қаралуда.

Аймақтық комиссия бизнеске келтірілген шығынды өтеу жөніндегі қолданыстағы тетікке түзетулер енгізуді жалғастыруда. Мәселен, егер бұрын Аймақтық комиссияның ұсынысы бойынша өтемақы жеке аудиторлар мен бағалаушылардың қызметтеріне арналған шығындарды қамтыса, енді сот сараптамасын жүргізу үшін бюджет қаржысы есебінен жеке адвокаттарға арналған шығындар да төленуі мүмкін.

«ҚР Қылмыстық іс жүргізу кодексінің қолданыстағы нормаларына сәйкес сот сараптамасын жүргізуге материалдарды дайындауға тек тергеуші ғана емес, оның сұрауы бойынша адвокат та жіберіледі. Қазіргі кезде тергеушілер жүктемесінің көп екенін ескере отырып, сот сараптамасын жүргізуді жеделдету және өтемақы төлемін алу мақсатында біз тәртіпсіздік кезінде зардап шеккен кәсіпкерлерге жеке адвокаттардың қызметіне жүгінуді ұсынамыз. Қазір кәсіпкерлер бұл қызметтерді өз қаржысы есебінен төлей алады, алайда біз бюджет қаражаты есебінен шығынды өтеуге адвокаттық қызметтерге арналған шығыстарды қосу жөнінде ұсыныс әзірлеп жатырмыз. Бұл шара зардап шеккен бизнеске мемлекеттік қолдау көрсетуді кеңейтуге және қала экономикасын одан әрі қалпына келтіруді жеделдетуге мүмкіндік береді», – деп хабарлады ШОБ субъектілеріне келтірілген залалды өтеу жөніндегі Аймақтық комиссияның төрағасы, Алматы қаласы Кәсіпкерлік және инвестициялар басқармасының басшысы Еркебұлан Оразалин.

ҚҰЛАҚҚАҒЫС

РЕСМИ ХАБАРЛАМА

Алматы қаласы әкімінің атын қолданып, әлеуметтік желілерде аккаунттардың көптеп пайда болуына байланысты, бұл профайлдардың жалған екенін және қала әкімі Ерболат Досаевқа еш қатысы жоқ екенін хабарлаймыз.

Осыған орай тек ресми ақпарат көздеріне сенім білдіруді сұраймыз.

АЛМАТЫ ӘКІМІНІҢ БАСПАСӨЗ ҚЫЗМЕТІ.

БАҒДАРЛАМА

ЖЕҢІЛДЕТІЛГЕН НЕСИЕ

Алматыда шағын және орта бизнес субъектілерін жеңілдікпен несиелеу және қайтарымызсыз грант беру биыл да жалғасады. Бағдарламаға түрлі санаттағы азаматтардың қатысуына болады. Мақсат – қала экономикасын өркендету мен отандық өндіріс ошақтарын көбейту.

Айжан
ШАЛАБАЙҚЫЗЫ

Осы бағытта өткен жылы мегаполистегі кәсіпкерлікті дамытуға 18,6 млрд. теңге қаржы бөлінген. Соның нәтижесінде 5 мыңнан астам адам жеңілдетілген несиені алып, жұмысын бастады. Жобаны қаржыландыратын басым бағыт – көлік құрылғыларын шығару, сауда және өнеркәсіп, сондай-ақ қызмет көрсету саласы.

– Жыл сайын республикалық бюджеттен бөлінетін қаржы көлемі ұлғайып келеді. Сәйкесінше, мемлекеттік бағдарламаға қызығушылық танытатындар да көп. Қазір «Бизнестің жол картасы–2025» мемлекеттік бағдарламалар аясында «Алматы бизнес–2025» және «Алматы бизнес» жобалары жұмыс істеп тұр. Бұл бағытпен кәсіпкерлер 2 млн. теңгеден 5 млн. теңгеге дейін қайтарымызсыз грант ала алады, – деді Кәсіпкерлік және инвестициялар басқармасының бөлім басшысы Әділ Жанкин.

Қомақты ақша кез келген жан-

ға беріле бермейді. Оған қол жеткізу үшін арнайы бизнес жоспарыңыз инновациялық бағытта болуы керек. Комиссия мүшелері креативті идеяларға толы жобаларға көңіл бөледі.

– Кәсібін бастаймын деген жандар «Qolday» платформасы арқылы өтініш қалдыра алады. Қажетті құжаттар тізімі: бизнес жоспары, мемлекеттен көмек алатын мүмкіндігі шектеулі жандар болса, соны растайтын құжат өткізуі керек. Биылғы жобаға өтінім беру алдағы наурыз айында басталады. Сол уақытқа дейін тұрғындар бизнес жоспарларын дайындап, мамандардан көмек алуына болады, – деді «Qolday» кәсіпкерлік орталығы директорының орынбасары Әсем Мақашева.

Мемлекеттен қаржы алып, кәсібін дөңгелетемін дейтіндер «Инвест Қолдауға» барып, мамандардың кеңесіне жүгіне алады. Орталық шаһардағы Байзақов к-сі, 303 мекенжайында орналасқан. Бағдарламаға тек жұмыссыз азаматтар ғана емес, тұрақты жұмыс орны бар адамдардың қатысуына да мүмкіндік бар.

СУБСИДИЯ

БАСПАНА БАҒДАРЛАМАСЫ

Тұрғын үй жалдау субсидиясын алуға өтініш берушілердің несиенің тарихы тексерілмейді. Бағдарлама барысында тұрғын үй субсидиясын алуға өтініш бергендердің төлем қабілеті қалай тексерілетіні айтылды.

Айжан
БҮРКІТБАЕВА

– Өтініш берушілерге төлем қабілетін растау керек. «Баспана маркет» порталына өтінім бергеннен кейін төлем қабілетін банк автоматты түрде есептейді. Яғни дерекқорлардан бүкіл ақпарат алынады. Оның ішінде сіздің айлығыңыз, барлық төлемдеріңіз, еңбек демалысының өтемақысы болса, соның бәрі кіреді. Кәсіпкер ретінде тіркелген болсаңыз, кәсіпкерлік табысыңыз кіреді. Сол отбасы алатын зейнетақы мен әлеуметтік төлемдер де төлем қабілеті ретінде есепке

алынады. Осы табыстың бәрін жан басына шағып, 6 айдың ішіндегі табысын есептейді, – деді «Отбасы банк» акционерлік қоғамы орталық филиалының директоры Жансұлтан Матай.

Бағдарлама барысында «Тұрғын үй жалдау субсидиясын алғысы келетін отбасының несиенің тарихы жағымсыз болса, не істеу керек?» деген сауал қойылды. «Несие тарихы қаралмайды», – деп қысқа қайырды Жансұлтан Матай.

Тұрғын үй жалдау субсидиясын төлеу ережелерін мамыр айында бекітіп, іске қосу жоспарланған. Қазір ереженің жобасы талқыланып жатыр.

ШАҒАР ШАРУАШЫЛЫҒЫ



ҚАР ТАЗАЛАУ ЖАЛҒАСУДА

7 ақпан түнгі 02.00-ден бастап Алматы қаласында қар жауа бастады. Таңғы сағат 07.00-дегі жағдай бойынша қалада 8–10 см., тау бөктері мен таулы аудандарда 15–20 см. қар жауды.

Алматы қаласының Тұрғын үй саясаты басқармасының мәлімдеуінше, көктайғақтың алдын алу мақсатында қар жауа салысымен жолдарға көктайғаққа қарсы 2120 тонна материал себілді. 2720м² қар сыртқа шығарылды. Тротуарларды, жаяу

жүргіншілер аймақтары, қоғамдық көлік аядамалары мен қоғамдық орындарды тазалау жұмысына 548 техника, яғни 202 құмшашқыш көлік пен 361 жол жұмысшысы жұмылдырылған. Ал таңертеңнен бастап олардың саны еселеніп, тазалық жұмыста-

рына 611 арнайы техника, 205 құмшашқыш және 1665 жол жұмысшысы шықты.

Аудандық әкімдіктер мен мердігер ұйымдарда қар тазалау жұмыстарының өндірісін бақылау бойынша тәулік бойы кезекшіліктер ұйымдастырылды. Қазгидрометтің болжамы бойынша, қар аралас жауын-шашын түстен кейін тоқтауы мүмкін. Ауа температура-сы бүгін күндіз 0, +2 градус, тұман, көктайғақ болуы ықтимал.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».





«ОЛИМПИАДАЛЫҚ ДИПЛОМАТИЯ»

немесе Президент Қ.Тоқаев Қытай еліне қалай барып қайтты

ҚХР Төрағасы Си Цзиньпиннің шақыруымен Президент Қасым-Жомарт Тоқаев бір-екі күн бұрын XXIV қысқы Олимпиада ойындарының ашылу салтанатына қатысу үшін Бейжіңге жұмыс сапарымен барып келді. Бұл – Мемлекет басшысының биылғы шет елге жасаған бірінші сапары. Осы жаһандық спорт додасы Қытайдың ай күнтізбесі бойынша Жаңа жыл мерекесімен тұспа-тұс келді. Мұның символдық мәні зор. Қытай халқы Барыс жылын үлкен қошеметпен қарсы алды.

Қазақстан Президентімен қатар Қытай астанасына 30-дан астам мемлекеттің басшылары мен үкімет жетекшілері, корольдер отбасыларының мүшелері мен халықаралық ұйымдардың жетекшілері келді.

Бейжіңдегі ауа райын айтар болсақ, күн ашық, қар жоқ, бірақ қара суық. Төрт жылда бір келетін спорт додасына халықтың қызығушылығы өте жоғары болды. Мәселен, тіпті дүкендерде Бейжің Олимпиадасының таңбалары бейнеленген кодесейлерге ұзын-сонар кезек болып жатты. Жергілікті халықтың көзінен еліне деген мақтанш пен зор қуаныш байқалды.

Қазақстан көшбасшысы Қытай астанасына 3 ақпан күні ұшып келді. Мемлекет басшысын әуежайдан ҚХР Үкіметінің Еуразия істері жөніндегі арнаулы өкілі Ли Хуэй күтіп алды. Айтпақшы, Қытайдың осы жоғары лауазымды дипломаты өткен Жаңа жыл қарсаңында – 30 желтоқсанда Ақордада Қасым-Жомарт Тоқаевтың қабылдауында болған. Сол кезде ол Қысқы Олимпиаданың ашылу рәсіміне Қытай Төрағасының шақыруын табыстады. Президенттің айтуынша, олар бір-бірін шамамен 40 жылдан бері біледі. Екі құрдас өткен ғасырдың 80-жылдарының басында Бейжіңде өте жақын араласқан.

Қазақстан делегациясы Бейжіңнің батыс бөлігінде орналасқан «Дяоюйтай» мемлекеттік резиденциясына орналасты. Бұл резиденцияның 800 жылдан астам тарихы бар. Бұрын бұл тарихи әрі көрікті жер Қытай императорларының демалысы үшін арнап салынған сарай болған. Цзинь әулетінің билігі кезінде император Чжанцзун мұнда балық аулайтын платформа салдырған.

Резиденция атауы қытай тілінен аударғанда, «балық аулауға арналған терраса» дегенді білдіреді. Содан бері резиденцияға «императорша балық аулау» атауы бекіп қалған.

Осы ретте бір нәрсені айта кеткен жөн. Қасым-Жомарт Тоқаевтан бөлек «Дяоюйтай» резиденциясында ауқымды іс-шара күндері Ресей Президенті Владимир Путин мен Пәкістан Премьер-Министрі Иман Хан ғана тоқтады, ал өзге делегациялар қонақүйлерге орналастырылды. Әрине, бұл Қытай тарапының Қазақстан басшысына, жалпы біздің елге деген ерекше құрметін, айрықша көзқарасын білдіреді.

Бүкіл әлемде өршіп тұрған коронавирустың жаңа «омик-



рон» штамы жағдайында Қытай билігі бұрын-соңды болмаған шектеу шараларын енгізді. Бұл хаттамалық шараларға да өзінің әсерін тигізді. Мысалы, белгіленген тәртіпке сәйкес Президенттің шетелдік сапарларын дайындау кезінде Мемлекеттік күзет қызметінің, Президенттің баспасөз қызметі мен Протоколының, сондай-ақ Президенттің Іс басқармасының бірнеше қыз-

Қасым-Жомарт Тоқаев VIP қонақтарға арналған мінберден қазақстандық олимпиадашыларға қол бұлғап, қолдау көрсетті. Президенттің жеке фотографы түсірген суреттердің бірінен спортшыларымыз шыққан сәтте Түркіменстан Президенті Гурбангулы Бердімұхамедов пен оның делегациясы біздің Мемлекет басшысына ерекше құрметпен қарағанын көруге болады.

отырды. Бұл өзара ықпалдастықты жалғастыруға және нығайтуға мүмкіндік берді.

Си Цзиньпин Қасым-Жомарт Тоқаевқа ерекше ілтипат білдіре отырып, құрметпен қарсы алды. Бұны екі елдің көшбасшылары арасындағы келіссөздің мазмұнынан да, одан кейін бірге суретке түсіп, аудармашысыз сөйлесіп тұрғандарынан да байқауға болады.

шысы Антониу Гутерришпен, ДДСҰ Бас директорымен, сондай-ақ Польша, Сингапур, Қатар, Пәкістан және Орталық Азия елдерінің басшыларымен әңгімелесті. Олар Мемлекет басшысының «қасіретті қаңтар» кезінде жағдайды тұрақтандыру үшін қабылдаған шешімдеріне қолдау білдірді.

Қабылдау аяқталған соң Қасым-Жомарт Тоқаев әуежайға бет алып, Қазақстанға ұшып кетті. 5 сағаттық жолда Президент Бейжің сапарынан алған әсерімен бөлісті. Мемлекет басшысы биылғы алғашқы шет елге жасалған сапарына көңілі толатынын айтты.

Қасым-Жомарт Тоқаевтың қытай тілін жетік меңгерген әлемдегі санаулы көшбасшылардың бірі екені жалпыға мәлім. Кезінде Президент осы елде оқып, жұмыс істеген. Қытайдың мыңжылдық бай тарихы мен мәдениетін зерттеген. Мемлекет басшысының CCTV телеарнасына 2019 жылы берген сұхбатынан кейін журналистер естелік жазба қалдырғаны қытай халқының әлі күнге дейін есінде екеніне сенімдімін. Си Цзиньпин Бүкіл-қытайлық халық жиналысының зәулім ғимаратында өткен келіссөздердің басында Қасым-Жомарт Тоқаевты «қытай халқының досы» деп атады.

Президент бүгінде Қытайды дамудың барлық көрсеткіші бойынша әлемдік көшбасшылар тобына лайықты түрде қосылды деп есептейді. Қытай экономикасының әлемде екінші орында тұрғаны ешкімге құпия емес, сарапшылардың болжамы бойынша 10 жылдан кейін бірінші орынға шығуға тиіс. Қытай сияқты елмен көрші болу мемлекетіміз үшін артықшылық деп ойлаймын. Қазақстан мен Қытайдың мемлекеттік шекарасының ұзындығы – 1782 шақырым. Бірқатар мемлекет Бейжің Олимпиадасына бойкот жариялап жатқан кезде достас елді қолдамау және оның ашылу рәсіміне қатыспау дұрыс болмас еді. Президент оң шешім қабылдады.

Берік УӘЛИ,
Қазақстан Республикасы
Президентінің Баспасөз
хатшысы.



меткерінен тұратын алдын ала баратын топ құрылады. Сол алдын ала баратын топ Мемлекет басшысының Бейжіңге баруына бір жарым күн қалғанда жетті. Осындай қысқа мерзімге қарамастан, аталған жұмыс тобы ҚХР СІМ жауапты қызметкерлерімен, күзет қызметімен бірлесіп отырып, сапардың барлық хаттамалық мәселесін толығымен шеше алды. Біздің делегацияға қытайлық ұйымдастырушылар тарапынан ерекше қонақжайлылық көрсетілді.

Қысқы Олимпиада ойындарының ашылу салтанаты «Құс ұясы» деп аталатын ұлттық стадионда өтті. Бейжің – қысқы және жазғы Олимпиада ойындарын өткізген жалғыз қала. Дәл осы стадионда 2008 жылдың тамыз айында жазғы Олимпиада ойындарының ашылу салтанаты өткен болатын.

Өзбекстан Президенті Шавкат Мирзиёев те ілтипат білдірді.

Бұл басқа командалармен салыстырғанда біздің ұлттық құрамадағы спортшылардың әлдеқайда көп болуына байланысты болса керек. Біздің олимпиадашылар елімізге медальдармен оралады деп сенеміз.

Келесі күні, яғни 5 ақпанда Халық жиналысы үйінде Қазақстан Президенті Қытай Халық Республикасының Төрағасы Си Цзиньпинмен келіссөз жүргізді.

Бұл – мемлекеттер басшыларының үшінші бетпе-бет кездесуі. Бұған дейін олар 2019 жылы қыркүйекте Бейжіңде Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қытайға мемлекеттік сапары кезінде кездескен еді.

Сонымен бірге, осы уақыт ішінде мемлекеттер басшылары заманауи байланыс құралдары арқылы тұрақты хабарласып

Мемлекеттер басшылары екі елдің жан-жақты стратегиялық ынтымақтастығын жаңа деңгейге шығаратын нәтижелі келіссөз жүргізді. Қытай Төрағасы атап өткендей, бұл кездесу мемлекеттер арасындағы алдағы 30 жылдағы алтын дәуіріне жол ашты. Достық әрі өзара түсіністікке негізделген кездесу соңында Қасым-Жомарт Тоқаев Си Цзиньпинді елімізге мемлекеттік сапармен келуге шақырды. Қытай басшысы осы жылдың қыркүйек айында қазақ халқының қонақжайлылығына куә болады деген үміттемін.

Қазақстан Президентінің жұмыс сапары ҚХР Төрағасының Олимпиаданың ашылу салтанатына келген делегациялар басшыларына арналған ресми қабылдауымен аяқталды. Қасым-Жомарт Тоқаев осы қабылдау барысында БҰҰ Бас хат-



COVID-19



Енді «стелс-омикрон» шықты

«Омикрон» штамының мутацияға ұшыраған қауіпті түрі пайда болды. «Стелс-омикрон» деп аталатын бұл жұқпалы вирустың басты ерекшелігі – оны ПТР-тест арқылы анықтау қиын көрінеді.

Қазір бұл штамм Ресейдің 44 өңірінде тіркелген. Дәрігерлер бұл вирусты жұқтырғандардың ауруы жеңіл өтіп жатқанын айтты. Сондықтан көрші мемлекетте 6 ақпаннан бастап науқастарды ауруханада қабылдау ережесі өзгерген. Енді ковидке шалдыққан адам стационарда 1 апта ем қабылдап, кейін үйіне қайта беруіне рұқсат. Сондай-ақ, мектептер мен балабақшаларда вирусқа шалдыққан балалардың үлес салмағы 20% болғанда ғана сынып карантинге жабылады.

Айтпақшы, қазіргі таңда КВИ жұқтырғандардың басым көпшілігі екпе алмаған пациенттер екенін айтып отыр мамандар.

Ал қуанышқа қарай, біздің елде коронавирус жұқтырушылардың азайғаны байқалады. Соңғы тәулікте барлығы 3653 адам сырқаттанды. Бірақ бей-жай қарауға болмайды. Себебі, біз «кызыл» аймақтан әлі шыққан жоқпыз. Республика бойынша «қызыл» 12 өңір орналасқан. Жамбыл облысы «сары» аймақта. Ал Шымкент қаласы мен Қызылорда, Маңғыстау, Түркістан облыстары «жасыл» аймақта тұр.

ИМПЛАНТ

Амандық жақсы

Алматылық дәрігерлер биіктен құлап кеткен 45 жастағы ер адамның омыртқа жотасына күрделі операция жасап, аман алып қалды.

Орталық қалалық клиникалық аурухананың баспасөз қызметі хабарлағандай, пациентке «жұлын функциясының бұзылуы мен бел омыртқасының 3-ші сатылы асқынған сынығы және аяғының парализациясы (паралич), жамбас органдары функциясының бұзылуы, тобығының сынуы» деген диагноз



қойған. Науқастың жағдайы ауыр болғандықтан оған шұғыл түрде операция жасалды. Ота 2,5 сағатқа созылған.

«Омыртқаларын имплант (транспедикуляр бұрандалар) арқылы тұрақтандыру үшін хирургиялық операция жасалды. Осы бұрандаларды орнатудың арқасында омыртқа тірек тауып, сенімді түрде фиксацияланады. Транспедикулярлы фиксация сүйектердің қалпына келуі кезінде бір-бірімен ығысып кетуін болдырмайтындай дұрыс және тез өсуін қамтамасыз етеді. Операция сәтті өтті. Екінші күні пациент өз бетімен отыра алды және тобығының сынығы жазылғаннан соң жүре алатын болады», – деді нейрохирург Ермек Сүлейменов.

ӘЛЕМ ЖӘНЕ ПАНДЕМИЯ

Балаларға ауыз салып тұр



РЕСЕЙ жерінде ковидті жұқтыру дерегі бойынша жаңа антирекорд тіркелді. Мұнда алғаш рет бір күнде індет жұқтырған 180 мыңнан астам адам анықталған. Олардың көбі Мәскеу, Санкт-Петербург және Мәскеу облысынан. Дәрігерлер ковидтің бұлайша өршіп жатқанын «омикронмен» байланыстырып отыр. Ресей халқының шамамен 20%-да коронавирус симптомсыз өтіп жатқан көрінеді.

АҚШ жеріндегі Колумбия университетінің ғалымдары коронавирустың миға қауіпті әсерін анықтады. Ковид салдарынан қайтыс болғандардың басына жүргізілген зерттеу нәтижесінде пациенттерде Альцгеймер ауруына тән өзгерістердің пайда болатынын көрсеткен. Жалпы, бұл зерттеуді жүргізуге індет жұқтырған жандардың «басым айналады» деген шағымы себеп болған екен.

ТҮРКИЯ президенті Режеп Тайып Ердоған «омикрон» жұқтырды. Ол бұл туралы Телеграм парақшасында хабарлады. Зайыбынан да ПТР-тесттен кейін осы вирус анықталған. Президент індеттің жеңіл өтіп жатқанын жазған. Сондықтан ол жұмыста, бірақ онлайн істейді.

МОЛДОВА елінде балалар арасында індет өршіп тұрған көрінеді. Әсіресе, ел астанасы Кишиневте эпидемиалық күрделі. Мұнда ауруханаға түскендер төсек санынан екі есе асып кеткен. Апта басталғалы балаларға арналған барлық аурухана мен емханада ине шаншар орын жоқ деседі. Ата-аналар балаларына жаппай екпе жасауға кіріскен сыңайлы.

ИТАЛИЯ билігі ковид-вакцинаның кез келген түрін салғызған шетелдіктерге елге кіруге рұқсат етті. Осыған дейін мұндай мүмкіндік тек Еуроодақта мақұлданған екпені қабылдаған азаматтарда ғана болатын. Сырттан келгендер ПТР-тесттің теріс нәтижесін көрсетуге міндетті. Сондай-ақ, вакцинаның екінші дозасын салдырғанына 6 айдан аспау керек. Билік осылайша пандемиядан едәуір зардап шеккен туризм саласын қайта жандандыруды көздейді.

ДІСҰ сарапшылары карантиндік шектеу шараларын алып тастауға әлі ерте деп отыр. Өйткені, кей елдерде вакциналау деңгейі төмен.

ӘЗІЛ

«ПТР-тест тапсырыңыз!»

Түркиядағы жедел әзірленетін тағамдар дайындайтын мейрамхананың сайтына бір клиент: «Дөнерлеріңіздің не тұзы, не бұрышы жоқ, дәмсіз екен!» деп жазып кетіпті.

Сөйтсе, тамақтандыру орнының әкімшісі іле-шала жедел кері байланыс орнатып, әлгі жазбаның астына: «ПТР-тест тапсырыңыз, тез!» деп жауап қалдырған екен.

«Басқа дәрігерге барамыз»

Баласы кешке жұмыстан келген әкесіне:

– Әке, бүгін дәрігерге қаралдым. Маған «денсаулығың жақсаруы үшін бір ай жағажайда демалуың қажет» деді. Бұған не дейсіз, әке, қайда барамыз? – дейді. Сонда әкесі:

– Басқа дәрігерге барамыз, – деген екен.

Бетгі әзірлеген Нұржамал ӘЛШЕВА.

ӨНЕР



Берлиндегі берекелі көрме



Айжан
БҮРКІТБАЕВА

Берлинде қазақстандық танымал суретші Бақытнұр Бүрдесбековтің көрмесі ашылды. Көрмеде ұсынылған суретшінің ондаған туындысының ішінде нәзік жандылардың натюрморттары, пейзаждары мен жарқын портреттері бар.

Коронавирустық шектеулерге байланысты ашылу салтанатына тек вакцина алған адамдар қатысты. Бұл Бақытнұр Бүрдесбековтің шет елдегі алғашқы жеке көрмесі емес. Әр жылдары оның картиналары Франция, Түркия, Жапония және АҚШ-тың беделді залдарын безендірген. Алдағы екі айдың ішінде біздің суретшінің картиналары Берлин галереясында ұсынылады.

Көрме ұйымдастырушылары қазақ шеберінің шығармашылығы неміс жұртшылығын қызықтырғанын атап өтті.

– Әдетте, қымбат жұмыс таңдалғанда адам жарты күн, кейде сағат, кейде ай бойы ойланады. Бұл жұмыс 10 минут ішінде таңдалды. Суреттер бір көргеннен-ақ өзіне ғашық қылды. Мен үшін бұл – көрменің өте сәтті өтетінінің басты белгісі, – деді Ars Pro Dono галереясының негізін қалаушы Алексей Шрейнер.

ЗООБАҚ

Сүйкімді төл

Алматы хайуанаттар бағы жаңа төлмен толықты. Альпака төлінің есімі – «Шоколадка» деп аталады.

– Құрметті достар! Біздің зообағымыз толығып жатыр. Бұл жануар сүйкімділік жағынан барлық рекордты басып озатын сияқты. Бұл біздің жүрегімізді жаулап алған ең тәтті, мейірімді, ең әдемі жануар, – деп хабарлайды Хайуанаттар бағының баспасөз қызметі.

Бұл аталық альпака 2016 жылдың 1 қаңтарында Ресейдің «Сафари-парк» деп аталатын Краснодарск хайуанаттар бағында туған. Алматы хайуанаттар бағына өткен жылдың 11 желтоқсанында әкелінген.

– Біздің зообағымызға келіп, сүйкімді Шоколадканы көрсеңіздер болады. Ол керіктің жанындағы вольерде тұрады, – дейді Хайуанаттар бағының қызметкері.



● ӨТТІҢ, ДҮНИЕ...

ҰЛТ РУХАНИЯТЫНЫҢ КӨШБАСШЫСЫ

Классик жазушы Әбдіжәміл Нұрпейісов 98 жасқа
қараған шағында дүниеден өтті



Ақтолқын
ТҮРЛЫҒАЗЫ

(Басы 1-бетте)

«Әбдіжәміл Кәрімұлы – сұрапыл соғысты бастан кешіп, елге оралған соң қазақ әдебиетін өркендетуге сүбелі үлес қосты. Ұзақ жылғы шығармашылық қызметі жемісті болды. «Қан мен тер» трилогиясы, «Соңғы парыз» дилогиясы сияқты туындылары сыншылар мен оқырмандар тарапынан жоғары баға алды. Заман жүгін көтерген романдары әлемнің көптеген тілдеріне аударылды. Әбдіжәміл Кәрімұлының жаңа белесті бағындырған қазақ әдебиетін шет елге танытуға сіңірген еңбегі орасан зор. Ол ұлт руханиятының көшбасшысы болды.

Әбдіжәміл Нұрпейісов адам жанын терең түсінетін, түрлі тағдырдың бейнесін көркем суреттей отырып оқырманға жеткізген ойлы, кең тынысты жазушы болатын. Өмір бойы қолынан қаламы түскен жоқ. Қазақ елінің рухани-мәдени саласын дамыту жолында өлшеусіз қызмет атқарды. Ол ұлт классиктерінің жолын лайықты жалғастырған қуатты қаламгер. Солайша өзі де қазақ әдебиетінің патриархына айналды.

Әбдіжәміл Нұрпейісовтің соңында ұрпаққа үлгі, ұлысқа игілік болатын шығармалары қалды. Елге ес, сыртқа сес болған жазушының енді екінші өмірі басталды. Өнегелі ғұмыр кешіп, соңында мол мұра қалдырған Әбдіжәміл Кәрімұлының

жарқын бейнесі ұмытылмайды. Халқымыз есімін әрдайым ардақ тұтады. Марқұмның иманы саламат, жаны жәннатта болсын», делінген көңіл айту жеделхатында.

Қаралы жиынды мемлекет және қоғам қайраткері Иманғали Тасмағамбетов жүргізді. Жиынға Мәдениет және спорт министрі Дәурен Абаев, Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаев, Қызылорда облысының әкімі Гүлшара Әбдіқалықова, мемлекет және қоғам қайраткері Қырымбек Көшербаев, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Дулат Исабеков, Бақытжан Сағынтаев, Қазақстан Жазушылар одағы басқармасының басшылығы, басқа да зиялы қауым өкілдері қатысты. Ғасырға жуық жасаған абыз Кеңсайда жерленді.

Дулат ИСАБЕКОВ,
жазушы, драматург:

АЛЫП БӘЙТЕРЕГІМІЗ ЕДІ



– Қазақ әдебиеті, қазақ мәдениеті, қазақ рухы үшін Әбдіжәміл Нұрпейісов алып бәйтерегіміз, біздің еменіміз еді. Қайда барсақ та, Әбекенді бетке ұстаушы едік. Қазақ сөзінің ең қызғанышпен қарайтын сақшысы еді. Бір сөзін ағат кетсе кешірмеуші еді. Әбекеннің жүрген жері роман-комедия болатын. Мені көрген сайын баласындай жақсы көріп, ақылын айтатын.

Енді кім маған «балам» дейді, мен оған жақын едім.

Ұлттық әдебиетімізді әлемге танытқан Абай мен М.Әуезовтен кейінгі ұлы тұлға Әбекен еді. Ат тұяғын тай баса ма, баспай ма, ол бір Аллаға аян. Барша қазақ халқына, марқұмның артында қалған ұрпағына амандық тілеп, көңіл айтамын.

Иманғали ТАСМАҒАМБЕТОВ,
мемлекет және қоғам қайраткері:

«ӘР КҮНІ, ӘРБІР СӘТІ – ТАҒЫЛЫМ...»



– Әбдіжәміл қазақтың қаны мен тері ғана емес, қазақтың жаны мен ары еді. Ұлт руханиятының алтын дәуірі еді. Бүгінгі жоқтаудың қасіреті де, міне, осында. Десе де, «өкінішке – жұбаныш» деген. Кеудесіне нұры төгілген асылдың жанары өшсе де жақсы істері өшпейді. Әбекеннің жасаған ғасырының әр күні, әрбір сәті – тағылым. Қан майданда қару ұстап, елін қорғаса, бейбіт күнде қалам

ұстап, ұлтының рухын шыңдады. «Қан мен тер», «Соңғы парыз» дилогиясы сынды озық туындылары ұлттық әдебиет үшін ғана емес, әлем әдебиеті үшін де баға жетпес рухани мұра, мәңгі тозбас қазына болып қалары анық. Ел есінде де осындай, халқын шексіз сүйген ақжүрек жүзі мен өмірдегі азаматтық ізі қалды.

Гүлшара ӘБДІҚАЛЫҚОВА,
Қызылорда облысының әкімі:

ХАЛЫҚ ЖАДЫНДА МӘҢГІ САҚТАЛАДЫ



– Аралда туып, Алаштың арысы атанған Әбдіжәміл Нұрпейісов шығармашылық ғұмырының тең жартысын туған жері Аралға арнады. Өзінің философиялық толғамдарында ол адам мен табиғаттың байланысын терең суреттеп, жазбаларын Арал проблемасына арнап келді. «Не жазсам да халқым үшін» деп қаламын тербеген Әбдіжәміл Нұрпейісов

«Соңғы парызын» орындап кетті. Қазақ әдебиетінде ойып тұрып орын алатын қаламгер халық жадында мәңгі сақталады.

Мереке ҚҰЛКЕНОВ,
Қазақстан Жазушылар одағы
басқармасы төрағасының
орынбасары:

АЛТЫ АЛАШТЫҢ АРДАҚТЫСЫ



– Қазақ халқы тағы бір аяулы ұлынан, алып тұлғасынан айырылды. «Елім» деп сокқан тағы бір үлкен жүрек соғуын тоқтатты. Аядай ғана ауылдан шығып, Алты Алаштың ардақтысына айналған, адамзаттың ақыл-ой қорына асыл туындыларын қосып, көркем ойдың көкжиегін кеңейткен Әбдіжәміл Нұрпейісов дүниеден өтті. Ол өз өмірін ұлт өнерін зерделеуге, ұлт

руханиятын зерттеуге арнаған еді. Тарих тамырларына терең бойлап, тың дүниелерге қалам тербеп, кесек-кесек шығармалар жазды. Халқымыздың жадында мәңгі-бақи қалатын туындылары арқылы биік белестерге жетіп, қайталанбас қолтаңбасымен із қалдырды.



Суреттерді түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.



БЕЙЖІҢ-2022

ҮЗДІК АТАНА АЛМАДЫ

Бейжіңде (Қытай) XXIV Қысқы олимпиада жалғасып жатыр. Кешегі күнге дейін 20-ға жуық елдің өкілдері жеңімпаздар қатарынан көрінді. Өкінішке қарай, бұл сапта әзірше қазақстандықтар жоқ.



Қазақстандық жанкүйерлер негізгі үміті фристайлдың могул түріне артқан еді. Әлем чемпионаттарында, әлем кубогында, құрлықтық сындардың бәрінде дерлік олжа салып жүрген Дмитрий Рейхерд, Павел Колмаков, Юлия Галышева сияқты спортшылар олимпиадаға жақсы дайындықпен келді. Әлем кубогы кезеңдерінде Колмаков бір рет күміс жүлде иеленсе, Рейхерд пен Галышева өздерін жасырын ұстады. Жалпы, бапкерлер о бастан межелеген жолдамаға нақты қол жеткізген де осы могулшылар болды. Аталған үштіктен басқа, әйелдер арасында қосар могулдан әлем чемпионатының қола жүлдегері Анастасия Городко, Еуропа кубогының жеңімпазы Аяулым Әміренова және жас спортшы Олеся Граур үміткерлер сапына енді.

Ерлер арасындағы алғашқы іріктеу сынында П.Колмаков бірден кейіндеді. Ол 74,09 ұпай жинап, үздік ондыққа сәл жетпей тоқтады. Оныншы орын алған швейцариялық Марок Тадеден отандасымыз 0,39 ұпай ғана артта қалды. Үшінші рет олимпиадаға қатысып, Сочиде – 10, Пхенчханда 7-орын алған Колмаков бұл жолы жарысты ерте тәмамдады. Бытыр әлем чемпионатында қола жүлде иеленген спортшы біз үшін жасырын фаворит еді. Финляндияның Рука қаласында өткен әлем кубогы кезеңінде де Колмаковтың ұпайы (82,33) жоғары болды. Демек, Бейжің Олимпиадасында Павел өзі күткен нәтижеге де қол жеткізе алған жоқ.

Ал Рейхерд негізгі финалға бір қадам жетпей тоқтады. 2006 жылдан бері Дмитрий бесінші рет олимпиада дуына араласып отыр. 2014 жылғы Сочи додасында ол суперфиналға шығып, бесінші нәтиже көрсетсе, Пхенчхан Олимпиадасының бас фавориттерінің бірі болғанына қарамастан 8-орында қалды. Ал Бейжің Олимпиадасы таяғанда Рейхердтің

спорттан қол үзуі ықтимал екені айтылып қалды. Бірақ әлем кубогы кезеңдерінде жинаған ұпайы олимпиада жолдамасы үшін жеткілікті болды да, отандасымыз Бейжіңге зор тәуекелмен аттанды. Іріктеу кезеңінде Дмитрий 75,43 ұпай жинап, 7-орынмен келесі кезеңге қадам басты. Бірінші финалда ол бұрынғысынан жақсы ұпай алды – 76,90. Үздік ондыққа іріктелу үшін осы көрсеткіш жеткілікті болды. Екінші финалда да Рейхерд бұрынғы нәтижесін еселей түсті (76,77), алайда бұл нәтиже суперфиналға алып шыға алмады.

«Мен үздік алтылыққа ену үшін барымды салдым. Көңіл күйім де, дайындығым да, жай-күйім де тамаша болды. Жоғарғы трамплинде күрделі секірісті таза, қатесіз орындадым. Суперфиналға шығуға ұпайым сәл жетпей, ақыры 8-орында қалдым. Ренжігенім рас, бірақ қолымнан келгеннің бәрін істедім. Ештеңеге өкінбеймін. Осымен бес олимпиадаға қатыстым. Спорттан қазір қол үзем демеймін. Әлем кубогы кезеңдеріне, әлем чемпионатына қатысармын, бірақ енді олимпиадаға спортшы ретінде келмеймін. Мүмкін, бапкер бейнесінде көріп қаларсыздар», – деп қорытындылады Д.Рейхерд.

Пхенчхан Олимпиадасының қола жүлдегері Юлия Галышева да суперфиналға бір қадам жетпей тоқтады. Жарыстың алғашқы күні ол жарыс жолына шықпай қалғанда, жанкүйер көңілін көп күдік иектегені рас. Бірақ Бейжіңге келген күні ПТР нәтижесі оң нәтиже берген соң Юлия біраз күн окшауланып, дайындық кезеңінде бақ сынай алмады. 6 ақпанда өткен екінші іріктеу кезеңінде ол 69,21 ұпаймен үздік 20 спортшы қатарына

енді. А.Әміренова, А.Городко, О.Граур осы кезеңде жарыстан шықты. 20 спортшының 12 үздігін қалдыратын сынақ кезеңінде Галышева нәтижесін әлдеқайда жақсартты. Ол 74,97 ұпаймен жетінші көрсеткішке ие болып, бірінші финалға жолдама алды. Бірақ енді үздік алтылықты анықтайтын сында Галышева қатты сүрінді. Ол жоғарғы трамплиннен жақсы өткенмен, екінші тұғырға жақындағанда тепе-теңдігін жоғалтып алып, ешқандай секіру элементін орындай алған жоқ. Төрешілердің бірінші тұғырға берген бағасы 50-ге жетпеді де, даңқты спортшымыз Бейжің Олимпиадасын 11-орында аяқтады.

Бұл бағдарламада жұрт күтпеген нәтиже тіркелді. Төрт жыл бұрынғы олимпиаданың жеңіс тұғырынан қол бұлғаған үш спортшы да (П.Лэфон, Ж.Дюфо-Лапуан, Ю.Галышева) бұл жолы жүлдеге іліне алмады. Ал Пхенчхан додасында 4, 7-орындарда қалған А.Жакари (Австралия), Ж.Кауф (АҚШ) және олимпиадаға алғаш қатысқан А.Смирнова (РОК) үздік үштікке енді. Ерлер арасында швециялық У.Уолбергтің әлем кубогының көшбасшысы, Пхенчхан Олимпиадасының чемпионы М.Кингсберриді (Канада) артқа тастауы да сенсацияға тең жаңалық болды.

Қазақстандық өзге спортшылар ішінен Н.Морозованың (конькимен жүгіру) 3000 метр қашықтықта 13-орын алуын жақсы бағалауға болады. Бірақ Надежда бар күшін 1500 метрге сақтап отырғанын айтты.

Шаңғышы қыздар мен жігіттер де, шаңғымен тұғырдан секіруші спортшыларымыз да жақсы нәтижесімен қуанта алған жоқ. Шорттрекшілер аралас эстафетаны бесінші орынмен аяқтады.

ФУТЗАЛ

Нидерландыда футболдан Еуропа чемпионаты мәреге жетті. Финалда Ресей және Португалия құрамалары кездесіп, 4:2 есебімен Пиреней түбегінің өкілдері жеңіске жетті.

ОРАЗОВ – ЕҢ МЕРГЕН ШАБУЫЛШЫ

Португалиялықтар 2018 жылдан бергі ірі жарыстардың барлығында топ жарып келеді. Сол жылы олар құрлық додасын жеңіп алса, 2021 жылы әлем чемпионы атанды. Биыл тағы да Еуропа чемпионы атағын ешкімге бермей отыр.

Қола жүлде Украина–Испания кездесуінде сарапка салынды. Испания құрамасы өз қақпасына бірінші доп жіберіп алса да, қарымта 4 доп соғып, қола жүлде қанжығалады.

Қазақстан құрамасы ширек финалдан кейін елге қайтса да, жүлдесіз қалған жоқ. Шабуылшы Біржан Оразов 7 голмен турнирдің бас мергені атанды. Ол жарыс жолында кездескен Словения, Финляндия, Италия және Украина құрамаларының бәрінің қақпасында доп тулатты. Бұған қоса, Біржан екі нәтижелі пас шығарып берді. Ресейлік үш ойыншы (Артем Антошкин, Иван Чишкала, Антон Соколов) бес гол енгізді.



ТЕННИС

БУБЛИКТИҢ АЛҒАШҚЫ ЖҮЛДЕСІ

Қазақстанның бірінші ракеткасы Александр Бублик Монпелье (Франция) турнирінің жеңімпазы атанды. Ол финалда әлемнің үшінші ракеткасы Александр Зверевті (Германия) 6:4, 6:3 есебімен жеңді.

Бұл – Бубликтің АТР турнирлеріндегі тұңғыш жеңісі. Бұған дейін отандасымыз АТР-250 турнирлерінің финалына 4 рет шығып, барлығында жеңілген еді.

Осы табысынан кейін Александр әлемдік рейтингте алға қадам жасады. Отандасымыз 34-тен 31-орынға жылжып, даңқты Роджер Федерермен (Швейцария) тізімге қатар жайғасты.

Жыл сайын нөлден басталатын чемпиондық жарыста Бублик бірден 19-орынға көтерілді. Бұған дейін ол 106-орында тұрған еді.

Көш басында жақында аяқталған Australian Open турнирінің қос үздігі Рафаэль Надаль (Испания) мен Дмитрий Медведев (Ресей) келеді.



Бетті дайындаған Естен САБАЛАҚ.

АРАЛАС ЖЕКПЕ-ЖЕК

ШАВКАТТЫҢ ЖҮЛДЫЗЫ ЖАНДЫ



Шавкат Рахмонов UFC-дегі үшінші жекпе-жегіне жеңіске жетті.

Досбол
АТАЖАН

Отандасымыз Лас-Вегаста өткен турнирде гаяндық Карлстон Харристен басым түсті. Жартылай орта салмақта өткен бұл кездесу үш раундқа жоспарланған еді. Алайда, жекпе-жек бірінші раундтың басында-ақ аяқталды. Жерлесіміз қарсыласын теуіп құлатып, үстінен соққы жаудырды. Төреші кездесуді аяқтауға мәжбүр болды.

Бұл Шавкаттың әлемдік промоушндегі үшінші жеңісі. Бұған дейін ол бразилиялық споршылар Мишел Празерс пен Алекс Олевейраны жеңген болатын. 27 жастағы Шавкат өзінің барлық 15 жекпе-жегі (8 нокаут, 7 сабишн) мерзімінен бұрын жеңіспен аяқтаған.

Спортшымыз өз жеңісін «қаңтар қасіретінде» қаза тапқан азаматтардың отбасына арнады. Жерлесіміз келесі жекпе-жегі жазда өткізуді жоспарлап отыр.



ЭКОЛОГИЯ

АЛМАТЫНЫҢ ТЫНЫСЫ ашылады



Серік
ЖҰМАБАЕВ

Алматы қаласының дамуы, өркендеуі қала әкімдігінің қызметіне тікелей байланысты. Осы ретте ұзақ мерзімді міндеттермен экологиялық жағдайды жақсарту жұмыстары жалғасып келеді. Жақында ғана Алматыда экологиялық проблемаларды шешу жөніндегі жол картасы талқыланды. Онда ЖЭО-ны газға ауыстыру, қаланың ауа бассейнін тазарту, ағаш отырғызу, автобустарды газға ауыстыру секілді көптеген мәселелер көтерілді.



Кешенді түрде шешіледі

Бұған дейін Алматының экологиялық проблемаларын кешенді шешу үшін жол картасы әзірленіп, ҚР Үкіметі бекіткен болатын. Онда көмірден энергия өндіретін кәсіпорындардың шығарындыларын азайту, жеке сектордағы үйлерді газға ауыстыру, ауа айналымының бұзылу қаупін болдырмау, көгалдандыру, автокөлік шығарындыларын азайту мәселелері көзделген.

Мегаполисте экологиялық проблемаларды азайту үшін ЖЭО-2 және ЖЭО-3-ті (Алматы ЖЭО-2 және ЖЭО-3 жаңғырту,

қоршаған ортаға әсерді барынша азайту) газға көшіру, жеке секторды және қалаға іргелес аудандарды газдандыру көзделді. Сондай-ақ, жел режимін зерттеу, құрылыстың сәулеттік келбеті мен бас жоспарының ережелеріне өзгерістер енгізу, жасыл желектер алаңын ұлғайту, көлік ағынын басқару, көліктерге газбен жабдықталатын баллон орнату, электр көлігін кеңінен пайдалану қарастырылған.

Қазіргі уақытта Алматы ЖЭО-2-ні көмірден газға көшіру жөніндегі жобаның

техникалық шешімдеріне, құны мен іске асырылу мерзіміне талдау жүргізілді. Техникалық-экономикалық негіздеме жобасы жасалды. Мегаполисті және қалаға іргелес жатқан жеке сектор аудандарын газдандыру процесі жүргізілуде. Қазіргі уақытта Алматыда 1497 газдандырылмаған тұрғын үй және саяжай алабында орналасқан 2829 үй бар. Халықтың әлеуметтік осал топтарын газбен жабдықтауға қосу үшін екінші деңгейдегі банктермен нөлдік пайызбен кредиттеу бойынша жұмыс жалғасуда.

Бас жоспарға өзгеріс енгізіледі

Мегаполистің жел режимін зерттеу де ұзаққа созылды. Атап айтқанда, қалалық әкімдік жел режимін ескере отырып, қаланың ауа бассейнін тазарту үшін сәулет-қала құрылысы әдістерін әзірлеу бойынша ғылыми-зерттеу жұмыстары конкурсына 179 млн. теңге бөлі. Тендер өткен жылы 30 қыркүйекте жарияланды.

Әзірлеу аяқталғаннан кейін қолданыстағы құрылыс ережелері мен жоспарлау жобасына тиісті өзгерістер енгізіледі деп күтілуде. Бұл Алматының бас жоспарына өзгерістер енгізу үшін жел режимінің картасын, сондай-ақ салынған аумақтар жағдайында жел режимін реттеуді қамтамасыз ету

үшін қаланың сәулет-құрылыс жобалауына арналған ұсыныстарды әзірлеуге мүмкіндік береді. Жұмыс аяқталғаннан кейін ережелерге, бас жоспарға және жоспарлау жобаларына өзгерістер енгізіледі.

Мамандар сәулет келбеті ережелеріне өзгерістер енгізу бойынша жол картасы тармағының орындалуын атап өтті. Қазірдің өзінде Алматының сәулеттік келбеті бойынша дизайн-код әзірленді, онда жасыл технологияларды енгізу ескерілген. Ереже жобасын қалалық Жоспарлау және урбанистика басқармасы әзірледі.

Алайда, құрылыстың бас жоспарына жел режиміне қатысты өзгерістер енгізілген жоқ.

Дизельді қоғамдық көлікке тыйым салынды

Дизельмен жүретін қалалық жолаушылар көліктеріне кезек-кезеңмен тыйым салына береді. Алматыда 151 маршрутқа қызмет көрсететін 21 автобус паркі жұмыс істейді. 2441 қоғамдық көлік бірлігі жұмылдырылды (515 газ автобусы, 196 троллейбус, 15 электр және 1715 дизельді автобус). Жыл сайын жаңа автобустар, соның ішінде газ автобустары сатып алынады.

Бұдан басқа, жеке инвестор 2025 жылға дейін 500 жылжымалы бірлікке дейін ұлғайта отырып, қалалық маршруттарға қызмет көрсетуге 200-ге дейін газ машинала-

рын сатып алуды жоспарлап отыр. Сонымен бірге, 2022 жылы жаңа автобус паркін салу мәселесі қарастырылуда. Осылайша газ автобустарына толық көшу 2027 жылы аяқталады.

Сондай-ақ, қалада 6 автомобильдік газ толтыру компрессорлық станциясы жұмыс істейді. Инвестициялық жоба аясында «ҚазТрансГаз» АҚ-мен тағы екі қосымша станция салу бойынша келіссөздер жүргізілуде. 2020 жылдың тамыз айынан бастап Алматы әкімдігі дизельді қоғамдық көлік сатып алуға тыйым салды.

БАСҚА БАСЫЛЫМДАРДАН


ЕҢ СӘНДІ КИІМ

Бейжіңдегі қысқы Олимпиада ойындарының ресми ашылуы салтанатының ең есте қаларлық сәттерінің бірі – Қазақстан командасының ту ұстаушылары Екатерина Айдова мен Абзал Әжіғалиевтің Сақ патшайымы мен қазақ батыры кейпінде ортаға шығуы.



Айжан
БҮРКІТБАЕВА

Біздің атлеттердің костюмі әлем назарын тағы да өзіне аударды. Көптеген шетелдік басылымдар біздің спортшылар костюмінің стилі мен ерекшелігіне жиі тоқталған. Ту ұстаушылардың формасын сөз қылған халықаралық басылымдар түс үйлесімі мен стильге баса мән береді. Мәселен, британдық The Guardian басылымы Олимпиаданың ашылуындағы 11 ерекше сәтке тоқталып,



олардың қатарына қазақстандық делегацияны да қосқан.

«Қазақстандық конькиші Екатерина Айдова өзге елдердің костюмге қатысты ойын тас-талқан етті. Сондай-ақ, Қазақстандық команда шарфтарын түсіріп, көпшілікке бұлағды», – деп жазды басылым.

Жапондық The Asahi Globe Ольга Рыпаканың Токио Олимпиадасындағы костюмін еске салды.

«4 ақпан күні өткен Бейжің Олимпиадасының ашылу салтанатында Қазақстан командасының ту ұстаушылары тағы да керемет ұлттық костюмде шығып, әлеуметті желі назарын аударды. Өткен жылғы Токио Олимпиадасында Ольга Рыпакова жарқыраған ақ көйлек киіп, әлем жанкүйерлері оны «Қа-

зақстан ханшайымы» деп атаған еді. Екі спортшы ел алдына шыққанда, әлемдегі Твиттер қолданушылары костюмдердің әдемілігін сөз етті. Сондай-ақ, желі қолданушылары костюмдердің түстерін ерекше атап өткен», – деп жазды қолданушылар.

Америкалық The Insider басылымы қазақтандық ту ұстаушылардың костюмін «драмалық» деп атады.

«Ту ұстаушылар Екатерина Айдова мен Абзал Әжіғалиев Қазақстанды аренаға драмалық кара киімдермен алып шықты. Олардың соңынан форма киген делегация өкілдері ерді. Екатерина Айдова алтынмен өрнектелген классикалық өрнек салынған киімімен көпшілікті таңырқатты», – деп жазды америкалық басылым.

The Insider Олимпиаданың ашылуына арналған фоторепортажда Қазақстан командасына тағы да орын беріп: «Қазақстандық Екатерина Айдова алтын оюлармен өрнектелген костюмімен жарқырай түсті», – деп жазған. Олимпиада жаңалықтарының ең басты дереккөздерінің бірі Inside the Games костюм дизайнерінің пікірін бөліскен. «Қазақстанның бай тарихы біздің керемет образды жасақтауымызға себеп болды», – деген болатын дизайнер.

Жапонияның ірі басылымы Yomiuri қазақстандық ту ұстаушылар туралы «Тағы да ханшайым келді» тақырыбымен мақала жариялады. «Токионың ізін ала қазақстандық ту ұстаушылардың әдемі костюмі Бейжіңде жалғасын тапты», – деп жазған жапондықтар.

Әрбір ағаштың төлқұжаты бар

Іс-шара барысында қоғам белсенділері жұртшылықтың пікірін ескере отырып, ағаштарды кесуге рұқсат беру рәсімін қатандатудың жол картасы тармағы орындалмағанын атап өтті. Қазіргі уақытта жасыл желектерді күтіп-ұстау және қорғаудың үлгілік қағидаларына сәйкес келтіру бойынша жоба әзірленді.

Сонымен қатар, қазіргі уақытта ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитеті жұмыс тобын құрды. Бүгінгі таңда жұмыс тобы көптеген жаңа қажетті нормаларды қарастыратын жаңа жобалар әзірледі. Олар мемлекеттік органдармен келісу сатысында тұр және жақын арада қабылданып болады.

Сондай-ақ, сарапшылар жасыл желектерді паспорттау жобасы толық орындалғанын жеткізді. Жүргізілген түгендеу көрсеткендей, қалада 2,6 миллион ағаш бар.

Жасыл желектердің тізімі қалыптастырылды, онда жасыл екпелердің типтері, түрлік құрамы, алаң көлемі, жай-күйі және орналасуы туралы деректер тұрақты негізде жаңартылды. Бұл тізім Сингапур мен Нью-Йорктің тәжірибесі негізінде жасалды. Әр ағаштың электрондық паспорты бар.

Жасыл желектер алаңын ұлғайту жөніндегі іс-шаралар жоспары ішінара орындалды. Мамандардың мәліметінше, қалада 2,633 млн. ағаш бар. Нақты жасыл қор – 1,86 млн. (77%), әлсірегендер – 459 мың (23%). Бұл ретте ағаштарды үш түрге бөлуге болады. Жапырақты – 1,8 млн. (77%), жемісті – 294 мың (14%), қылқан жапырақты – 189 мың (9%).

Өткен жылы 282 мың көшет отырғызылды. Көгалдандырылған аумақтың жалпы ауданы 404,11 гектарды құрады. Осы жылдың басынан бастап 155 мың жасыл желек отырғызылды, жалпы жыл соңына дейін тағы 350 мың жасыл желек отырғызу жоспарлануда.



БАСПАҒЕР

БАСПА ІСІНІҢ БІЛГІРІ

«Әл-Фараби» кітапханасында ақын, ғалым, баспагер, филология ғылымының кандидаты Темірғали Көпбаевтың шығармашылығы мен «Қазығұрт» баспасының 20 жылдығына арналған «Баспагерлік-редакторлық шеберлік және кітап шығару ісінің өзекті мәселелері» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция болып өтті.



Суретті түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

Рая
ЕСКЕРМЕСҚЫЗЫ

Конференцияны Журналистика факультетінің деканы, ф.ғ.к. Сансызбай Мәдиев ашып, жүргізіп отырды. Жаны нәзік, жүрегі өлеңге тұнған Темірғали Мұратбекұлының ақындығы мен баспагерлігі оның қос қанаты іспетті. Осынау жылдар ішінде арқалы ақын оқырмандарына «Көзмоншақ» (1998), «Жаңғырық» (2007), «Кие» (2009), «Оңтүстік» (2009), «Аңсар» (2019), «Қарапайым пайымдар» (2013), «Аққұмда ояңған арман» (2019), «Даналық тәпсірі» (2019), «Жылдар жылжып барады» (2019), «Сабан ақша» (2022) кітаптары мен екі томдық

шығармалар жинағын ұсынды. Өлеңінен ақынның асқақ рухы мен айнымас мінезін тап басып тануға болады. «Сегіз қырлы, бір сырлы» ақын Темірғали Көпбаев өзінің арманы мен аңсарын ұлтының қуанышы мен мұңынан бөліп қараған емес. Алғашқы сөз кезегін алған Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты, ақын Әділғазы Қайырбеков қарымды қаламгердің бірнеше қырына тоқталды.

– Осыдан біраз уақыт бұрын, 2016 жылы Темірғали екеуміз Қазақстан Жазушылар одағы атынан малқардың ұлы ақыны Қайсын Құлиевтің 100 жылдық мерейтойына қатысу үшін Қап тауына, Нальчик қаласына бардық. Сол мерекелік жиында Темірғали өзінің «Чегем мен Өгем» деген өлеңін оқыды.

Сөйтсем, Қайсын Құлиев Чегем тауында, біздің Темірғали Өгем тауында дүниеге келген екен.

*Сені ойласам төгілгендей
көктем нұр,
Көңілімде көрікті өлең,
көктем жүр.
Жүрегіме сіңген менің
жас күннен,
Чегем таудан Өгем тауға
жеткен жыр.*

Міне, қандай сәтті ұйқас. Орайын тапқан оралымға, дәл осы сәтті мүлт жібермеген ақынның шеберлігіне сол жолы тіпті қайран қалған едім, – дейді әріптесі Әділғазы Қайырбеков.

Халықаралық конференция офлайн және онлайн форматта өткендіктен, еліміздің бірнеше қаласындағы жоғары оқу орындары тікелей байланысқа шығып, қатысып отырды.

Ақынның ұстазы, ф.ғ.к. Жанғара Дәдебаев көпшілікке танымал, іскер азамат, байсалды баспагер Темірғали Көпбаевтың ең бастысы адами қасиеті басым екеніне тоқталды. Оның ізденіске толы ғұмырының әлі де ел игілігіне қызмет ете беретініне сенім білдірді. Еңбекқор азамат ұзақ жылдан бері басшылық етіп келе жатқан «Қазығұрт» баспасы бірнеше мәрте республикалық «Жылдың ең үздік кітабы» байқауының жеңімпазы атанды. Баспадан «Көптомдықтар», «Мемлекеттік сыйлықтың иегерлері», «Президент сыйлығының иегерлері», «Ұстаздар кітапханасы», «Тәуелсіздік толғаулары» атты сериаларымен талай тарихи кітаптар жарыққа шықты. Олардың қатарында Т.Рысқұлов, С.Сейфуллин, Б.Майлин, І.Жансүгіров, С.Мұқанов, Ж.Жабаев, Д.Әбілов, Х.Ерғалиев, Н.Байғанин, Ғ.Орманов, М.Әлімбаев, Ә.Нұрпейісов, Ғ.Қайырбеков, т.б. танымал тұлғалардың туындылары бар. Конференция соңында заңгер Бекет Тұрғараев пен белгілі баспагер, публицист Әшірбек Көпішев Темірғали Көпбаевтың «Сабан ақша» атты жаңа кітабының тұсауын кесті.

ЖОБА



ЖЕҢІМПАЗДАР ЖҰМЫС ТАПТЫ

Алматы қаласында өткен аймақтық чемпионатта Алматы мемлекеттік политехникалық колледжінің студенті Иманджан Альбина өз жұмыстарын ерекше шеберлікпен орындап, сарапшылардың ең жоғары бағасын алды.

Рая
ЕСКЕНДІР

Қазіргі таңда WORLDSKILLS чемпионаты кәсіптік білімге бағдар беріп, үлкен сұранысқа ие болды. Өткізіліп отырған чемпионаттың ауқымы кеңейіп, оның құзыреттілігі де жылдан-жылға арта түсуде. Мәселен, биылдан бастап оның қатарына «Фотография» саласы қосылып отыр.

Біз бүгін WORLDSKILLS Ұлттық чемпионатының маңыздылығы тұрғысында «Фотография» аталымы бойынша бас сарапшысы, техника және технологиялар магистрі Әсем Дүйсенбаеваға хабарласқан едік.

– Біздің елімізде алғаш рет көптеген колледждеріміз «Жас маман» жобасы бойынша заманауи жабдықтарға қол жеткізді. Әрине, осынау қолдаудың арқасында білім беру бағдарламаларын жаңарта отырып, бәсекеге қабілетті кәсіби маман дайындаудың мүмкіншілігі туды. Сонымен қатар, кәсіптік білімнің де сапасын арттыру мақсатында қолға алынып отырған чемпионатты жаңа форматта, жаңа деңгейде өткізуге өз ықпалын тигізіп отыр.

Бұған дейін чемпионат елордамызда ғана өткізіліп келсе, осы жолы Ұлттық кезең еліміздің 11 өңірінде орналасқан алдыңғы қатарлы 38 колледж базасында ұйымдастырылды. Алматы мемлекеттік политехникалық колледжінің қабырғасында 3нөгізгі және 3 қосымша құзыреттілік бойынша «WorldSkills Kazakhstan – 2021» ұлттық чемпионаты өткізіліп, оған 60 үміткер мен 72 сарапшы қатысты. Чемпионат барысында сарапшылар барлық қатысушылардың дайындық деңгейлерінің жоғары екенін атап өтті. Байқау шартына сай жүлдегерлер серіктес болып табылатын ірі компанияларға шақырту алды, – дейді Әсем Дүйсенбаева.

Сонымен, кенже дамыған «Фотография» саласы – хас өнердің түрі. Тарихтағы қас-қағым сәттерді суреттеп, ұрпақтан-ұрпаққа жеткізетін де осы фотография саласы. Еліміздің әр аймағынан келген қатысушылар фотосурет индустриясының мазмұны мен сипаттамалары, саланың ерекше шарттарын қамтыды. Фото композицияның негіздеріне, фотографияның кәсіби жанрларының түрлерін айқын көрсетуге баса назар аударды. Барлық қатысқан үміткерлердің жұмыстарын саралай келе, бас сарапшы:

– Чемпионат тапсырмаларында кәсіби түсірілімді игеру, әртүрлі жарықтандыру схемаларымен портреттік түсіруді дамыту, репортаждық, жарнамалық және пейзаждық түсірілімдер, суретті өңдеу қарастырылды, – дейді.

Жалпы, бұл сала шығармашылық пен креативтілікті талап етеді.

ҚАЛАЛЫҚТАР ҚАПЕРІНЕ

Тауға шығуға тыйым салынады

Алматы қаласы Төтенше жағдайлар департаменті баспасөз қызметінің мәлімдеуінше, 7 ақпан күні жылымықтың әсерінен және қар жамылғысының тұрақсыз болуына байланысты Үлкен және Кіші Алматы су алабында қар көшкіні жүруі мүмкін.

Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Сол себепті, саяхат жасағанды ұнататын қала тұрғындары мен қонақтарына әзірге тауға бармауға кеңес берілді. Яғни қиын жағдайға ұрынбас үшін тау бөктеріне шығуға уақытша тыйым салынады. Осыған орай, Департамент көпшілікке мынадай пайдалы кеңестерді ұсынады:

- жауын-шашын (қар, жаңбыр) немесе қатты жел, дауыл туралы ескерту жарияланған жағдайда, таулы аймаққа баруды кейінге қалдырған дұрыс;



- егер сіз кішігірім топырақ көшкіндерді байқасаңыз, онда тауға бармағаныңыз жөн. Өйткені, жаңбыр жауғанда төмен таулы аймақта топырақ көшкіні болуы мүмкін;

- егер сіз тауда болсаңыз, мұқият болыңыз және ауа райының өзгеруін қадағалаңыз;

- тау бөктерінде қардың жылжуын, қардың түйіршіктерін байқасаңыз, онда тауға бармаңыз. Бұл қардың тұрақсыз күйде екенін, көшкіннің қаупі мүмкін екенін білдіреді;

- тауда жүрсеңіз, үйге қайтуға ертерек қамданыңыз, әйтпесе, кері бағытты таба алмай қалуыңыз мүмкін;

- рюкзактарда жылы киімдер, күтпеген жағдайда дәрігерге дейінгі көмек көрсетуге арналған дәрі қоры бар міндетті түрде болуы тиіс. GPS навигаторларының болуы артық болмайды;

- туған-туыстарыңыз бен жақындарыңызды маршрут-ыңыздың бағыты мен орналасқан жеріңіз туралы барынша толық хабардар ету де өте маңызды!



СҰХБАТ

Ақшаны қалай үнемдеуге болады?



Соңғы жылдары онлайн сатып алу мүмкіндіктері аясы кеңейді. Қазір кез келгеніміз қалайша үнемдеп қалуды ойлап, көбірек бонус жинауға тырысатынымыз рас. Әділхан мен Әсел Сапарғалиевтер отбасы ашқан «Қазақстан Подешевле» телеграм-арнасында осы сұрақтарға жауап ала аласыз.



Динара МҰРАТ

Дінтанушы мен метеорологтан құрылған отбасы телеграм-арнаны 2020 жылдың 12 қаңтарында достары мен жақындарымен пайдалы ақпаратпен бөлісу үшін ашқан. Алғашқы кездері Әділхан мен Әселге қаржылық операциялардан үнемдеу жолдарын іздеу хобби ретінде ғана көрінген.

– Біздің ұранымыз: ипотека төлейміз деп өмірдің кішкене қуаныштары туралы ұмытпау. Кэшбек, бонустар, лайфхактар, жеңілдіктер мен промокодтар – доллар бағамы мен қымбатшылыққа қарсы қару. Телеграм арнаны ашу идеясына 2019 жылдың желтоқсанында бірнеше жағдай түрткі болды: біріншіден, мен өзімнің айналадағы әр адамға лайфхактарды түсіндіруге ұзақ уақыт жұмсайтынымды түсіндім, екіншіден, Каспи бонустарын пайызсыз шығарып алу жолын таптым, бірақ банктің өзі бұл мүмкін емес деп санайды. Кейін әйеліме Телеграмда арна ашуға ұсыныс білдірдім, ол бірден қолдады. Мұның бәрі маған балалық шақтан келген болар. Кішкентайымнан білген-түйгенімді елге айтпасам болмайтындай боп тұрады. Ал пайдалы ақпаратпен бөлісу мен үшін – қажеттілік.

– Аталмыш арна адамдарға қалай көмектеседі?

– Біздің жобамыз Қазақстандағы қымбатшылық мәселесін ішінара шешуге көмектеседі (доллар өсуде, ал онымен бірге бәрінің бағасы көтерілді). Біз өзіміз ұнататын немесе сапасы бағасына сай келетін заттарды сатып алуда қолданатын қосымша білімімізбен бөлісеміз (кэшбек, қаржылық лайфхактар, жарнамалық кодтар, акциялар және т.б.).

Яғни біз адамдарды үнемдеуге немесе «қысылуға» үйретпейміз, арзан тауарларды сатып алуға шақырмаймыз. Біз өсіп келе жатқан бағалар жағдайында сіз сатып алуға дағдыланған тауарлар мен қызметтерді арзандау бағаға сатып алуды үйретеміз.

– Сіз акциялар туралы ақпаратты қалай жинайсыздар?

– Күнделікті мониторинг негізінде біз контент жоспарымызды жан-жақты, пайдалы әрі түрлі мақсатты аудиторияны қамтитын етіп жасаймыз. Мұндай тәсіл бізге посттарға деген қызығушылықты артып, сондай-ақ қолданушыларды жалқытыр-

мауға, ленталарын керек емес ақпаратпен толтырмауға мүмкіндік береді.

Яғни біз көрген барлық ақпарат ішінен іріктеп, оның расымен пайдалы деген 5%-ын ғана ашық түрде тегін жариялаймыз. Сондай-ақ, менің екі ағам бізге көмектеседі. Олар күн сайын ең жақсы акциялар мен жеңілдіктерді бақылап, оларды арнайы жабық чатқа жібереді. Біз жақсы ұсыныстарды іріктеп, олардан бір жинақ қалыптастырамыз және арнада жариялаймыз. Бірақ біз тек акциялар туралы ғана жазбайтынымызды ескеру керек (жеңілдіктер туралы жазбалар арнадағы жарияланымдардың аз бөлігін алады). Арнада тақырыбымызға жақын деген бар дүниені қамтуға тырысамыз: ипотека, банк өнімдері (карталар, кредиттер, депозиттер), саяхат, қаржылық сауаттылық бойынша мақалалар, лайфхактар және т.б.

Біз жұмыс істейтін барлық ақпарат компаниялармен, қызметтермен, дүкендермен немесе банктермен тығыз байланысты, сондықтан арнадағы әр хабарлама жарнама болып көрінуі мүмкін. Алайда, біз керісінше, қазнеттегі барлық жарнамалық ағынның ішінде тұрғындар үшін күнделікті шығындарды қысқартуға көмектесетін ең тиімді ұсыныстар туралы ғана хабарлауды мақсұт тұтамыз.

– Менің білуімше, сіздерге акциялар, лайфхактар және т.б. туралы ақпаратты өздеріңіздің оқырмандарыңыз жібере алады. Неліктен мұндай жүйені енгіздіңіздер?

– Акциялар, лайфхактар мен ұсыныстардан тұратын барлық жазбалардың маңызды бөлігі арна оқырмандары жіберген ақпарат немесе идеялар арқылы жарияланды. Біз бірлесе отырып, қазіргі уақытта пайдалы іс атқарып жатқанымызға қуаныштымыз.

Сондықтан 6 ай бұрын арнада сыйақы бағдарламасы енгізілді және бүгінгі күні біз оқырмандарымызға пайдалы контентті жасауға көмектескені үшін 280 000 теңге аудардық. Осы форматта жұмыс істеуді жалғастырығымыз келеді, өйткені көптің білген-көргенін, біз байқамай қалуымыз мүмкін.

– Арна редакциясында қанша қызметкер бар?

Қазіргі уақытта арнада 5 адам жұмыс істейді: 1 редактор (мен), 1 модератор, 1 идеялық күш (жұбайым) пен 2 ағам күн сайын біздің тақырып бойынша жаңа ақпаратты бақылайды.

Төртеуі Астанадан және біреуі Қарағандыдан.

– Сіз бұл жобаға қанша қаражат жұсадыңыз? Шығын ақталды ма?

– Біз жобаны нөлдік бюджеттен бастадық, өйткені Телеграмда арналар құруға ақша қажет емес. Аватарды ағам тегін жасады. Алғашқы жарнаманы біз достарымыздан да тегін алдық, оларда шағын Телеграм арналары мен Instagram парақшалары болды. Әрі қарай біз арнаның жарнамасына аз мөлшерде (айына 15–20 мың) ақша салдық, бірақ пандемияға байланысты біздің отбасымыздың табысы қатты төмендеді. Сондықтан біз басында оқырман саны бірдей арналармен өзара ұсыныс жасау арқылы өстік. Иә, жоба өзін-өзі ақтады деуге болады, алайда қазір тапқан табысымызды арнаны одан әрі дамытуға жұмсаудамыз.

– Бұл салада бәсекелестеріңіз бар ма? Мүмкін ұқсас сайттар немесе арналар бар шығар?

– Бір-екі арналар бар, бірақ олар шағын және тек акцияларды жариялайды. Оған қоса жарияланымдары тұрақты емес, ал бұл оқырмандарды ұстап тұрудың негізгі ережесі. Айтпақшы, Ресейде біз сияқты арналар танымал. Бірақ олар тым көп ақпарат жариялайды – біздің ойымызша, сұрыпталмаған артық ақпарат адамдарға қызықты емес. Біз аптасына тек 7–10 жарияланымды жариялаймыз, көбінесе екі-үш ұқсас ақпараттарды топтамаға жинақтап береміз.

– Сізбен ақпаратпен бөлісетін бизнес серіктестеріңіз бар ма?

– Иә, кейбір компаниялар мен банктер акциялары туралы ақпаратты өздері жібереді. Біз оларды қарастырып, жариялауды немесе жарияламауды шешеміз.

– Сіздің ойыңызша телеграм-арнадан табыс табуға бола ма?

– Иә, болады. Негізгі критерий – пайдалы болу, ақпаратты мұқият таңдау және тұрақты жариялау. Сонда еңбегіңіз міндетті түрде байқалады. Алғашқы жарнамалық келісім-шарт арна құрылғанына 8 ай толмастан түсті, ол кездегі оқырмандар саны бар болғаны 13000 адам. Бұл келісім-шартты қарапайым бизнес емес, ірі банк (ЦКБ) ұсынды. Басында кішкентай ғана аудиториясы бар біздің арнамыз үлкен банкке не үшін керек деп ойлағанымыз бар, оның үстіне келісім бірден 8 айға жасалды. Қазіргі уақытта біз ол бойынша өз міндеттемелерімізді толығымен орындадық.

Бірақ Telegram-да жарнама берушілер әлі Instagram немесе ТикТок-тағы сияқты көп емес. Дегенмен, жыл сайын компаниялар осы мессенджерге назар аударуда. Әсіресе, соңғы оқиғалардан кейін.

– Болашаққа қандай жоспарларыңыз бар?

– Біз осындай ақпаратты басқалармен бөлісуден және олар үшін пайдалы болудан үлкен рахат аламыз. 2 жыл ішінде арнадағы бекітілген хабарламада күнделікті барлық шығындарды қамтитын және бізге, оқырмандарға үнемдеуге көмектесетін көптеген жарияланымдарды жинадық. Сондықтан біздің негізгі мақсатымыз – пайдалы болып қала беру және хабарламалар үшін жаңа бағыттар іздеу (жақында біз Инвестициялар тақырыбына бірнеше пост жасадық, ал жақын арада өз бизнесін ашуға мемлекеттік гранттарды тарту туралы айтатын боламыз). Сондай-ақ, біз Телеграмдағы ең танымал отандық арна болғымыз келеді.

СЕБЕБІ ҚЫЗЫҚ СОҒЫСТАР



Түймедейді түйедей еткен

Әдетте, мемлекеттер арасындағы қақтығыстың себебі байлық пен билікке байланысты туады. Бірақ түймедейді түйедей етіп, ең болмашы себептермен қолына қару алғандар туралы не білесіз?

Сақалдан туындаған дау

1500 жылы Венеция елшісі дипломатиялық мақсатта Осман империясына келеді. Келіссөздер жақсы өтеді. Бірақ отырыс аяғында түрік патшасы венециялық елшіден шығыс дәстүрі бойынша сақалымен кепілдік беруді талап етеді. Дипломат батыс елдерінде сақал өсірмейтінін айтып, бұл талапқа келіспейді. Ақырында сөзден сөз шығып, түрік билеушісі елшіні балағаттап қуып жібереді. Венеция мұндай қорлауға көнбей, Осман империясына соғыс жариялайды. Нәтижесінде бүгінгі Италия халқы ойсырай жеңіліп, әскері мен кемелерінен айырылады.

Иттен басталған қақтығыс



1925 жылы Грекия мен Болгария арасындағы шекаралық пунктте грек сарбазы еркін жүрген итті көріп қалады. Оны қызық көріп, ұстау үшін артынан жүріп отырған шекарашы көрші мемлекеттің шекарасына өтіп кетеді. Бөтен адамды көрген болгар әскерилері грек сарбазын атып тастайды. Бұл

оқиғаның арты қанды қақтығысқа алып келеді. Екі мемлекеттің шекарашылары бейберекет атыс бастайды. Бұл қақтығыс Ұлттар Лигасының қатысуымен ғана тоқтатылады.

Шелек үшін күрес



XIV ғасырда бүгінгі Италияның аумағында орналасқан Модена мен Болонья қала-мемлекеттердің арасында соғыс өтеді. Оған бір түйір шелек себепші болған. Модена қаласынан өтіп бара жатқан болоньялық атын суару үшін қалалық құдықтағы шелекті алып кетеді. Бұл әрекетті қорлық көрген Модена билеушілері көрші қаладан маңызды бұйым қайтаруды талап етеді. Бірақ келіссөздер ешқандай нәтиже бермейді. Ақырында екі қала арасында соғыс басталып, қақтығыс 22 жылға созылады. Соғыс нәтижесінде Болонья жеңіске жетіп, шелекті өздеріне қалдырған.

Футбол себепші болған соғыс

«Ойыннан от шығады» демекші, футбол жанкүйерлерінің арасында жиі қақтығыс болатыны жасырын емес. Алайда, 1969 жылы Сальвадор мен Гондурас құрамалары арасындағы матч тек төбелеспен бітпеген. Ойын алаңындағы жеңілісті тым ауыр қабылдаған Гондурас Сальвадормен барлық қарым-қатынасын бір сәтте үзіп тастайды. Көрші мемлекеттегі әскери белсенділікті байқаған Сальвадор билігі де өз сарбаздарын шекараға жұмылдыруды бастайды. Бұл соғыс бір аптаға созылған. Қақтығыс БҰҰ-ның араласуымен тоқтатылады.

Досбол АТАЖАН.



НЕ БАЙҚАДЫҢЫЗ?

«Қанаты бүтін
сұңқар жоқ...»

немесе қалай көңіл айтып жүрміз?



«Сүрінбейтін тұлпар жоқ, Қанаты бүтін сұңқар жоқ. Төрт құбыласы тең келер, Бұл дүниеде сұлтан жоқ». Қазақ адам баласының бәрінің басына түсетін қайғыны осылай бір ауыз астарлы сөзбен жеткізген.

Қазір әлеуметтік желі деген «күдірет» шықты. Facebook, Instagram, Telegram дейсіз бе, адамдардың біреудің қайтыс болғанын жеткізген, бір-біріне көңіл айтқан посттарын да сол әлеуметтік желіден оқитын болғанбыз бүгінде. Өзінің марқұммен әлдебір жерде түскен суретін салып, астына бір ауыз сөз жазды да, «иманды болсын» деп түйіндейді. Осындай жазбалар кейде бізге қазаны аза тұту емес, өзін жарнамалау сияқты болып көрінетіні бар. Себебі, сол жазбасынан соң іле-шала қоғамдағы әлдебір оқиғаға пікір білдірген, пікір білдіре отырып «ішек-сілесі қатқан» смайлигін де қоса салған посттары шыға келеді. Сонда бұл пақырынның шын қайғырып отырғанына көдімгідей күмәнданып қаламын.

Қыз-келіншектер де қалыспайды. Бұрынғылардың «әйел баласы қаралы хабарды жеткізбейді, балалап кетеді деп ырымдаған» дейтінін естүіміз бар еді. Қазаны елуден асып, ел ағасы болған ер-азаматтар жеткізген негізі.

Өзім білетін оқиға. Ойын баласымыз. Аулаға үйге спрек бас сұғатын, үнемі ат үстінде жүретін пошташы аға мен көрші ата енді. Үлкен кісілер ләм-мим деместен үнсіз үйге кіріп кетті. Дәл ауланың ортасында құмкесектен қаланған ошаққа нан жауып отырған шешеме көз де салмады. Әрине, ол тұста әлдебір оқиғаны салмақтай қоятындай жаста емеспіз, дегенмен қолындағы көсеуімен оттағы шоктың көзін ашып отырған аңамның бір жағына қарай сәл қисайыңқырап барып, түзеліп алғанын байқап қалдым. Со-сын орнынан көтеріліп, етегін қағып-сілкіп, аяғын ақырын басып, әлгі кісілердің соңын ала үйге кіріп бара жатты. Сезді, әрине, жаманат хабарды.

– Бекем бол, келін шырағым! Ниязың келмес сапарға кетіпті. Қазір ғана хабар алдық, – деген «Пошта қайнағасы» облыстық ауруханада жатқан ағамның қазасын осылай жеткізген болатын. Ал үнсіз, қимылсыз қалған аңам босағаға отыра кетті. Омырауын жас жуып бара жатқаны да көз алдымда қалыпты. Ауладағы ошақ пен үй арасында келе жатып бойын тіктеп ұстауға тырысып, өзін бекемдеп алғаны неткен ұстамдылық десеңші!

Естіртуді ескінің қалдығы деп емес, ежелгі есті ғұрпымыз деп қабылдаған абзал. Мәселен, Жиренше

шешенге – Қарашаштың, Абылай ханға – Бөгенбай батырдың өлімін, Шыңғысқа – Шоқанның қазасын естірту үлгілері бізге келіп жеткен.

Туған-туыстың қазасын естіртуші хабарды түйеден түскендей дүңк еткізіп айта салмаған. Әңгіме әріден қозғалып, қамшының сабындай қысқа өмірдің жалғандығы тұспалданған. Әңгіме ауанынан бір жаманаттың болғанын сезе бастайтын кім-кім де өзін бекем ұстауға тырысып, оқиғаға іштей әзірленеді. Міне, естірту салтының философиялық мәні де осында жатыр.

Бірде Қанжығалы Саққұлақтың Нұралы деген ұлы қайтыс болып, әке қайғыдан басын көтере алмай жатып алыпты. Оны естіген көрші Қарауыл, Жауар елі көңіл айтуға бармақ болып, барған соң көңіл айтуды сақау Мұса дегенге тапсырыпты. Үйіне кісі келсе де Саққұлақ басын көтермей жата беріпті, ал көңіл айтады деген Мұса төмен қарап отыра беріпті. Келген елде үн жоқ дейді. Бір кезде Саққұлақ басын көтеріп алып: «Уа, Мұса, неге үндемей жүртты аузыңа қаратып отырсың?», – депті. Сонда Мұса: «Алты ауыл Әжібек, жеті ата Жеті ру, төрт ата Қамбар-жанбар – бүкіл Қанжығалыны қарыңа іліп алып жүрген Саққұлақ едің. Құдай саған бес ұл берді, төртеуін өзің алып, біреуін халыққа бердің. Өзің алған төрт ұлың аман, халыққа берген ұлыңды құдай алды, елің жесір қалды. Жесір қалған елге сіз көңіл айтар, біз елге қайырын берсін айтармыз деп келіп едік, бізге айтқан көңіліңіз жоқ, я амандығың жоқ болған соң не айтарымды білмей дағдарып отырғаным ғой», – депті. Сонда Саққұлақ: «Әй, сақауым-ай, ерді оң тастай ма, не сол тастай ма деп жатыр едім, жарайды, оңға тастадың, ендеше көңілді мен айтайын», – деген екен.

Бір азаматтың інісі қайтыс болды. Жас өлім жақын-жуықтарының қабырғасын қайыстырып кетті. Бауырын туған топырағына жерлеп қайтқан соң, көп адам басымызды қосып әлгі отбасына көңіл айтуға бардық.

Қазаның жеңілі болған ба, қашан да тіп-тік жүретін, жауырыны қақпақтай жігіт ағасы бізді көріп еңкілдеп жылағанда, жұбатпауға сөз де таппай қалдық. Ауыр қасіреттен сәл-пәл шөгінкіреп кеткендей көрінді бізге.

Алдымызға үлкен ас келді. Жұмыс арасындағы түс мезгілін пайдаланып келіп отырсақ та, тамақты қарбытып жеуге батылымыз жетпей, жас өлімге

біздің де жүрегіміз қарс айырылып отыр. Ал сол жағыма жайғасқан ет-женді екі әйелдің әңгімесі мынау.

– Былтыр жазда кірген үйлері осы екен ғой, – деді бірі.

– Иә, үлкен екен. Мөншасын байқадың ба, үйдің ішіне салыпты, – деді екіншісі сыбырлай сөйлеп.

– Ақшасы бар жігіт қой, салмағанда! – деді қараторы біріншісі.

Пендеміз ғой!..

Көпшілік қазір марқұмның «жетілігін», «қырық күндік асын» да кафе, мейрамханаларға береді, тілекші адамдар қалып қоймай тегіс қатыссын, үйге сыймай қалар деген ниеттен ғой, әрине. Сондай сәттерде сіз де байқаған боларсыз, бәлкім, кейбір әйелдер мойындарына баланың басындай кулоны бар тросс алтын алқаларын, жалт-жұлт еткен бағалы сырға-сақиналарын тағып, иіссуға малынып келеді. Бейнебір тойға, көпшілікке өзін көрсетуге келгендей. Сондай сәттерде көңіл айтуға немесе асқа барғанда да иығымызға іліп баратын киімнің қазаға сай өз әдебі болса дейсің іштей.

Ауылда үйінен шықпайтын, ешкіммен араласпайтын бір апа болған. Тұйық кісі еді. Бет-әлпеті қара, көзі шүңірейген, сөзге сараң болғасын ба, бала көңілімізге әлгі кісі аса суық, сұсты көрінетін. Қызығы сол, балаларының бәрі көпшілігін. Әкелеріне тартқан болар, ауыл арасындағы той-томалаққа сол апаның күйеуі баратын. Бірде сол отбасының тұңғыш баласы өз қорасында асылып қалды. Ол тұста «асылып қалды, өз-өзіне қол жұмсапты» деген секілді әңгімелер мүлдем естілмейтін, үлкен-кіші кәдімгідей үрейленіп қалды. Сол апаның кейін таң ата салысымен ауыл сыртындағы бейітті бетке алып кетіп бара жататынын жиі көретін болдық. Үлкендерден естуімізше, ұлының моласына барып қайтатын көрінеді. Қазір ойласам, өзін қоярға жер таппай, қайғысын жеңілдету үшін зиратқа барып, ұлымен тілдесіп қайтатын болған-ау.

Мамандардың айтуынша, біріншіден, басқа түскен қайғыны ұмытуға еркіннен тыс күш салудың қажеті жоқ деседі. Себебі, жаныңды жаралап кеткен қаралы оқиғаның жуық арада естен шыға салуы мүмкін емес. Сондықтан іштегі қайғысын жақын-жуықтарына, достарына айтып, сыртқа шығарып, жеңілдеп отырған дұрыс көрінеді. Екіншіден, сол оқиғаны алдағы күндерге жалау етіп, өткенмен өмір сүру мүлдем қажет емес. Себебі, жан бөлек, ол кеткенмен, сіз тірісіз, өмір жалғасып жатыр. Алда әлі талай қуанышты таңның атарына сену керек.

Үнемі ерік-жігеріне сүйеніп үйренген мықты жандар қандай қайғыны да қасқайып тұрып қарсы алып, сонымен күресуге тырысады екен. Мәселен, біреулер Аллаға жүгініп, жанына тәңірден медет сұрап, ақ жолға түседі. Мешітке келіп, жүрегіне тыныштық ұялатады. Ал кейбіреулер жан жарасын емдеу, сауықтыру үшін түрлі қайырымдылық ұйымдарында жұмыс істеуге талпынатын көрінеді.

Кездейсоқ қайғы жамылған адамның психикалық ауруға шалдықпауының бірден-бір жолы – оның ет жақын-дарының қолдауына ие болуы дейді жантанушы мамандар. Қасірет шеккен көп адам әдетте оқшаулануға, өз ойымен өзі қалуға бейім келеді. Ол жалғыз қалдыруын өтініп сұраса да, жанынан бір елі де кетпеген абзал. Оның қайғы туралы сағаттап айтар әңгімелері сізді жалықтырар болса да, тыңдаңыз. Ішіндегісін шығарсын. Әрине, сіз оның ішін ашытқан, қан жылатқан қайғысын дәл өзіндей сезіне алмассыз, бірақ жеңілдетуге сөзсіз үлес қосасыз.

Осынау жалған өмірдің күңгейі мен көлеңкесі қатар өріледі осылай. Айнала шым-шытырқы, қым-қуыт тірілік. Соның ішінде жүрген біздердің әрқайсымыздың жүрегімізде бір қуаныш, бір мұң болатыны айдан анық. Кей-кейде жаманнан көңілің қалып түңілсең, жақсының адамшылығын көріп қуанасың. Қуаныштан кейін қайтадан әлдебір сәтсіздік, реніш болмаса, бәлкім жақсы күндердің қадірін білмес пе едік, кім білсін. Иә, нәсерлі жаңбырдың артынан міндетті түрде күлімдеп күн шығатынын ұмытпайық. Амандық болсын!

КІТАПХАНА



Сөре тағы толықты

Алматыда орналасқан ЛА-155/6 мекемесі – еліміздегі көмелетке толмаған қылмыскерлер жазасын өтейтін жалғыз оқшаулау орны. Қазіргі уақытта түзеу мекемесінде бас бостандығынан айырылған 59 жасөспірім отыр.

Балалар колониясында олар төрт қабырғада қамалып отырған жоқ, әрине. Мектепте оқиды. Кәсіптік білім алады. Түрлі әдеби-мәдени іс-шараларға қатысады. Ал мекеме ішінде жұмыс істеп тұрған кітапқа бай кітапхана орны тіпті ерекше. Жазасын өтеушілер бос уақытында осы жерден өздеріне керекті ақпарат алады, көркем шығармалар оқиды. Ал бұл аяғын жаза басқан жеткіншектер үшін аса қажет екені айтпаса да түсінікті.

Қазіргі таңда мекеме кітапханасының қорында барлығы 3020 кітап бар. Оның 1200-і қазақ тілінде, ал 1820-ы орысша. Мұнда әдеби кітаптар, фантастикалық, детектив шығармалар, шетелдік классика, психологиялық жанрда жазылған туындылар көп. Сондай-ақ, кітапхана сөресінде Қазақстан Мұсылмандары діни басқармасы рұқсат еткен 55 діни кітап бар. Осы орайда айта кетсек, ҚР Білім және ғылым министрлігі Балалардың құқығын қорғау комитетінің өкілдері кітапханаға әдістемелік қолдау көрсету мақсатында былтыр 43 кітап сыйлаған.

Жуырда колония кітапханасы тағы да жаңа кітаптармен толықты. Кітап болғанда қандай! ҚР-ның Адам құқықтары жөніндегі уәкілі Эльвира Әзімова жасөспірімдерге 5 электронды планшет-кітап тарту етті. Сондай-ақ, шаһардағы Жамбыл атындағы жасөспірімдер кітапханасының мамандары сөреге 100 кітап әкеп қосты. Ал «Караван» газетінің жұмысы 350 кітап сыйлады.

ЛА-155/6 мекемесінде бас бостандығынан айырылған балалармен тәрбиелік жұмыстар жүргізетін маман Е.Жеңісханның айтуынша, жасөспірімдер бос уақытында кітапханаға, кітап оқуға асығып тұрады екен. Бұл жақсы ғой. Демек, аяғын жаза басқан балалардың түзелуіне, ертеңге деген сенімін жоғалтпауына кепілдік бар.

ҚАЛАДАҒЫ КӘСІП

Мемлекет грантын
жеңіп алды

Алматылық Данияр Буксукбаев «Бизнестің жол картасы–2025» бағдарламасы шеңберінде косметика өндірісі бойынша 5 млн. теңге көлемінде инновациялық грант ұтып алды. Оған грант алғанға дейін «Qol-dafu» кәсіпкерлік орталығы қолдау көрсеткен болатын.

Даниярдың бұл салада жұмыс істеп жатқанына 5 жыл. Иә, көп уақыт емес. Бірақ алға жылжу бар. Шыны керек, қазір сөрелерде шет елдің косметикалық өнімдері самсап тұр. Тіпті, қайсысы пайдалы, ал қайсысы зиян екенін біліп, айырып жатпаймыз да.

– Келіншегім босанғаннан кейін де бетіндегі дақтардан арыла алмады. Ол түрлі косметикалық жақпамайларды сатып алып пайдалана бастады. Бірақ ешқайсысы көмектеспеді. Тіпті, кейбір косметикалық заттар аллергиялық реакция берді. Өйткені, көбінің құрамында химиялық қоспалар көп, – дейді ол. Сөйтіп, зайыбы Оксанамен бірге крем жасап көрсек қайтсін деген шешімге келіп, өз беттерінше ізденіп, нәтижесінде өз үйінде крем жасап шығарып, үш айдың ішінде беттегі пигментацияны кетірген. Бұл туралы құлағдар

болған жақын-жуықтары мен достары «сикырлы» крем туралы естіп, тапсырыс бере бастайды. Сөйтіп, ерлі-зайыпты өзгеше кәсіпті, яғни сапалы косметика шығаруды қолға алады. Шағын ғана LORIEN тарихы осылай бастау алған болатын.

Иә, қазір олардың шаш, бет және дене терісіне күтім жасауға арналған жоғары сапалы косметикалар шығаратын өз өндірісі бар. Өнімдері «Парфюмерлік-косметикалық өнімнің қауіпсіздігі туралы» КО ТР 009/2011 талаптарына сәйкес зертханада жүргізіледі.

– Өнімдердің құрамы Ресей мен Еуропаның косметикалық химия саласындағы ең мықты мамандарының көмегімен жасалады. Өнімді әзірлеуде біз бет пен дененің, сондай-ақ шаштың терісіндегі проблемаларды шешуге тек ғылыми тәсілді қолданамыз. Ассортимент әлі үлкен болмаса да, біздің әр өнімдіміз ғылым мен өнердің ерекше туындысы. Тек АҚШ пен Жапонияда аналогтары бар, әлемдегі пигментацияға қарсы күрес бойынша ең тиімді құралдардың бірі болып табылатын транексам қышқылы қосылған ағартқыш кремдіміздің өзі біздің мақтанышымыз, – дейді Данияр Буксукбаев.

Бүгінгі таңда LORIEN ассортиментінде өнімнің 22 атауы бар, олар кремдер, бальзамдар, сарысулар, тониктер, скрабтар, жуынуға арналған көбіктер, маскалар және инновациялық сұр шашқа өз түсін қайтаратын шаш лосьоны. Даниярға мемлекеттен қолдау тауып, арнайы грант жеңіп алуына да дәл осы лосьон мұрындық болған болатын.

**Бетті әзірлеген
Нұржамал ӘЛШЕВА.**



«Almaty aqshamy» газетіне 2022 жылға жазылу жүріп жатыр!

«ALMATY AQSHAMY» – алматылықтардың да, еліміздің барлық дерлік өңірлеріндегі оқырмандарымыздың да асыға күтетін, сүйіп оқитын басылымы! Қазақ сөз өнері мен журналистикасының дәстүрлі мектебі!

«ALMATY AQSHAMY» жарияланымдары мектептерде, колледждер мен университеттерде оқылады, әлеуметтік желілерде зерделеніп, талқыланады.

ОҚЫРМАН НАЗАРЫНА! ●

БІЗ газетімізді асыға күтетін оқырмандарымызбен және тұрақты авторларымызбен әрдайым БІРГЕМІЗ!

«Almaty aqshamy» газетіне «Қазпошта» АҚ Алматы поштамты бөлімшелерінде Телефон: 261-59-11. «Евразия Пресс» агенттігі», «Эврика Пресс» пен «Дауыс» ЖШС-нің өкілдіктерінде жазылуға болады.

Бізді almaty-akshamy.kz сайтынан да оқыңыздар!

«ALMATY AQSHAMY» ГАЗЕТІНЕ 2022 ЖЫЛҒА ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСТЕРІ:

65503 (жеке жазылушылар үшін)
1 айға – 600,50 теңге // 3 айға – 1801,50 теңге // 6 айға – 3603 теңге // 10 айға – 6005 теңге
15503 (кәсіпорындар мен ұйымдар үшін)
1 айға – 1620,50 теңге // 3 айға – 4861,50 теңге // 6 айға – 9723 теңге // 10 айға – 16205 теңге
95503 (зейнеткерлер, мүгедектер мен ҰОС ардагерлері үшін)
1 айға – 440,50 теңге // 3 айға – 1321,50 теңге // 6 айға – 2643 теңге // 10 айға – 4405 теңге

Анықтама үшін телефондар: 8 (727) 232-36-51; 8 (727) 232-36-56.

● ӨТТІҢ, ДҮНИЕ

ӘДЕМІ ӘЛЕМНІҢ ЕЛШІСІ

Белгілі қаламгер, қазақ әдебиетіндегі тұңғыш әйел-фантаст Нарбин Кенжеғұлова өмірден озды.



Нарбин Кенжеғұлова өзінің барлық сюжетін өмірдің нақ өзінен алатынын ылғи айтып жүретін. Шығармашылығына шабыт алу үшін ол Алматының тарихи аудандарында жиі болатын. Орталық мәдениет және демалыс саябағын, Бұқар жырау бульварын, екі қабатты үйлердің аулаларын ерінбей, жалықпай аралайтын. Осылайша оның қаламынан қазақ және орыс тілдерінде балалар мен ересектерге арналған 20-дан астам кітап дүниеге келді. Қаламгер шығармаларындағы кейіпкерлерін өзге әлемге сапар шеккізе отырып, солар арқылы оқырманға адамзаттың өзекті мәселелерін жеткізуге, мәңгілік құндылықтар туралы айтуға тырысты.

Есейіп, ойы толысып, ҚазМУ-дың журфагын бітіріп, әдеби шығармашылықпен толыққанды айналысуға кіріскен Нарбин Кенжеғұлова елімізде ғылыми фантастика жанрын дамытуға ұмтылды.

«Кеңес жылдарында ғылыми фантастика танымал болды, бірақ содан кейін оны қиял жанры алмастырды. Бұл, әрине, қызықты, бірақ оның көркем әдебиеті, ертегілері көп. Ал ғылыми фантастика гипотезаларға, адамның жаңашылдыққа деген ұмтылысына негізделген – басты ерекшелігі осында. Фантастика жанры ойлауды дамытады. Сондықтан ол адамның дамуы үшін өте маңызды. Ғылыми фантастикаға деген қызығушылықты ғылымды дәріптеу, адамдардың күнделікті өмірін өзгерткен әлемдік жаңалықтармен танысу арқылы қайта бастау керек деп санаймын», – деген пікір білдірген екен қаламгер.

Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі Нарбин Кенжеғұлова саналы ғұмырында бірнеше ондаған кітап жазды, оның ішінде «Мейірім аспаны астындағы үш күн» («Три дня под небом добра») атты фантастикалық жинағы (1986 ж.) бар. Ол республиканың Фантаст жазушылар қауымдастығын басқарды. Орыс тілінде «Взрыв сверхновой» (1987 ж.) әңгімесі, «Қазіргі Қазақстан ҒФ антологиясындағы» үш әңгімесі (2012 ж.), «Жоғалған ауыл» (2013 ж.) повесі және басқа да сүбелі шығармалары жарық көрді.

Нарбин Кенжеғұлова – «Ағайынды Гонкуров атындағы ғылыми фантастика бойынша халықаралық әдеби сыйлық» (Париж, 1987 ж.), Оралхан Бөкеев атындағы республикалық әдеби сыйлық, А.Байтұрсынов атындағы республикалық журналистік сыйлық (2006 ж.), Қазақстан Журналистика академиясының «Алтын самұрық» сыйлығы (2008 ж.), халықаралық «Дарабоз» әдеби сыйлығы (2013 ж.) сынды бірқатар белді марапатқа ие болған қаламгер.

Филология ғылымының кандидаты, әдеби аудармамен айналысқан Нарбин Кенжеғұлова 74 жасында көз жұмды.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

«Alatau Aqparat» ЖШС ұжымы белгілі қаламгер

Нарбин КЕНЖЕҒҰЛОВАНЫҢ

қайтыс болуына байланысты марқұмның отбасына, туған-туыстарына қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

● ҚАПЕРІҢІЗДЕ БОЛСЫН!

«Almaty aqshamy» газеті Нұр-Сұлтан мен Алматы қалаларына, сондай-ақ, Алматы, Ақтөбе, Атырау, Шығыс Қазақстан, Жамбыл, Батыс Қазақстан, Қарағанды, Қызылорда, Қостанай, Маңғыстау, Павлодар, Солтүстік Қазақстан, Түркістан облыстарына тарайды.

ЕГЕР:

- * мекемеңіздің, компанияңыздың жұмысы ілгерілесін десеңіз;
- * бизнесте мол табысқа қол жеткізгіңіз келсе;
- * әр бастаған ісіңіз сәттілік пен пайда әкелсін десеңіз

«Almaty aqshamy» газетіне ЖАРНАМА беріңіз де, ТАБЫСКЕР болыңыз!

«Almaty aqshamy» Жарнама бөліміне хабарласып, қажетті ақпаратты мына телефондар арқылы ала аласыздар: 8 (727) 232-36-51; 8 (727) 232-36-56.

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

ЕГЕР:

- * құттықтау, хабарландыру, еске алу жариялау ниетіңіз болса;
- * құжаттарыңызды жоғалтқаныңыз, жеке кәсіпкерлік қызметті тоқтатқаныңыз туралы, мұрагерлік және басқа да ресми құжаттарды рәсімдеу жайлы хабарлама жасау қажеттілігі туса, БІЗГЕ хабарласыңыз!

Барлық сауалдар бойынша жұмыс күндері сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін

«Almaty aqshamy» Жарнама бөліміне хабарласыңыздар: 8 (727) 232-36-51; 8 (727) 232-36-56.

● ҚАЛАЛЫҚТАР ҚАПЕРІНЕ!

Суық су уақытша болмайды



Әсел
ДАҒЖАН

Түркісіб ауданындағы бірқатар ғимараттар екі түнге суық судан ажыратылады. Мұндай шектеулер жаңа су құбырын қосу үшін енгізіліп отыр.

Түркісіб ауданындағы бірқатар тұрғын үйлерге екі түн бойы суық су берілмейді. «Алматы Су» МКК мәліметінше, 8 ақпан күні сағат 22.00-ден 9 ақпан күні сағат 06.00-ге дейін Великолукская – Жансүгіров – Сокольский – Палладин – Егоров көшелерінің контурында суық су болмайды.

Сонымен қатар, 9 ақпан күні сағат 22.00-ден 10 ақпан күні сағат 06.00-ге дейін Жансүгіров – Сокольский – Палладин – Запорожская көшелерінің бойында орналасқан тұрғын үйлер суық судан ажыратылады.

Жаңа су құбырын қолданыстағы сумен жабдықтау жүйесіне қосу үшін суық су қызметіне уақытша шектеулер енгізілген.

БАНКРОТ

Алматы қаласының МАЭС 06.01.2022 жылғы анықтамасы бойынша «Торговый Дом АО «Навоийазот» ЖШС-ге банкроттық іс қозғалды БИН 160240026537.

Медеу ауданының Ардагерлер кеңесі Халық жазушысы, Қазақстанның Еңбек Ері, Ұлы Отан соғысының ардагері

Әбдіжәміл НҮРПЕЙСОВТІҢ

дүниеден өтуіне байланысты туыстары мен жақындарына қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

«Alatau Aqparat» ЖШС ұжымы Халық жазушысы, Қазақстанның Еңбек Ері, Ұлы Отан соғысының ардагері

Әбдіжәміл НҮРПЕЙСОВТІҢ

қайтыс болуына байланысты марқұмның отбасына, туған-туыстарына қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.



Бас директор –
Төлеміс КҮЛМҰХАМЕДОВ

Қабылдау бөлмесі:
232-36-61.

Бас редактор –
Төрехан ДАНИЯР
тел.: 232-36-53

Бас редактордың
орынбасары –
Әнуарбек ӘУЕЛБЕК

Жауапты хатшы –
Роза РАҚЫМҚЫЗЫ

Жаңалықтар мен ақпарат
бөлімінің редакторы –
Рая ЕСКЕНДІР

Қала тынысы бөлімінің
редакторы –
Нұржамал ӘЛІШЕВА

Шаһар шаруашылығы және
тұрғын үй-коммуналдық
шаруашылық бөлімінің
редакторы –
**Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ**
тел.: 232-36-54.

WEB-редакция жетекшісі –
Дәурен ДҮЙСЕБАЕВ,
тел.: 232-36-64.

Коммерциялық директор –
Куаныш ДЮСКАЛИЕВ,
тел.: 232-36-51.
e-mail: d_kuanys@mail.ru

Жарнама бөлімінің
менеджері –
Дана ӘЛІМЕШ,
тел.: 232-36-56. e-mail:
dalemesh@vecher.kz

Тарату бөлімінің менеджері –
Сабина ЖАБЫҚАНОВА
тел.: 232-36-56. e-mail:
zhbknn@mail.ru

**Шығармашылық даму
жөніндегі кеңес**

Кеңес төрағасы –
Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ

Кеңес мүшелері:
**Мұрат ӘУЕЗОВ,
Сағымбай ҚОЗЫБАЕВ,
Сейітқазы МАТАЕВ**

Газетті жеткізу бойынша
шағымдар болса «Қазпошта» АҚ
Алматы почтамтына: 259-88-99
(ішкі 20500, 20018) телефонда-
ры арқылы хабарласыңыз



Республикаға тарайтын қо-
ғамдық-саяси қалалық басылым.

Меншік иесі:
«Alatau Aqparat» ЖШС.
alatauqparat@mail.ru
Мекенжайымыз:
Индекс: 050022.
Шевченко көшесі, 106 А.

Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі
күндері шығады.
**Апталық
таралымы – 15 663**

Кезекші редактор –
Динара МҰРАТҚЫЗЫ

Газет Қазақстан Республикасы-
ның Ақпарат және қоғамдық
даму министрлігінің
Ақпарат комитетінде тіркелген.
Тіркеу туралы
№КЗ80ВРУ00026040
куәлігі 19.08.2020 жылы
берілген.

Газет «Almaty aqshamy»-ның
компьютер орталығында
теріліп, беттелді.
Суреттердің сапасына
редакция жауапты.
Жарнама мәтініне жарнама
беруші жауап береді.
Автордың мақалалары
редакция көзқарасын білдір-
мейді.
Газет «Дәуір» ЖШС РПБК-де
басылды. 050044, Алматы
қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17.
Тел.: 273-50-53
Офсеттік басылым,
көлемі 2 баспа табақ.



САУАЛНАМА

Карантинде қадірі артқан мамандық

Қазір жұмыс таңдамайтын заман. Бастысы, уақытты тиімді пайдалану қажет. Сонда ойға алған іс алға басады.

Әлем пандемия жағдайында өмір сүргелі біршама уақыт өтті. Нақтырақ айтқанда, 2 жылдан асты. Бұл жағдай жаһан жұртын басқаша өмір сүруге үйретті. Сервистік қызметтер жағы артты. Яғни жеткізуші болып жұмыс істейтін жастар көбейді. Осыған орай сауалнама жүргізген едік.



Абзал НУРАДДИНОВ,
«Яндекс» жеткізушісі:

– Осы жұмыспен айналысып жүргеніме – 2 жыл. Таңғы сағат 10.00-ден бастап слот ашылады. Содан бастап түн ортасына дейін жүремін. Ойда бір-ақ нәрсе – уақыт алып, мол тапсырыс қабылдау. Қанша көп тапсырыс аласыз, сонша мол табасыз. Ең бастысы, ерінбеу керек. Дәл қазіргі уақытта алған тапсырыстарымды мопедпен жеткіземін. Неше түрлі оқиғалар мен тұтынушыларды көресіз. Негізі, оңай іс жоқ. Мен сондықтан сабыр сақтап, күнделікті ісіме тыңғылықты болуға тырысамын. Алда өз ойлағандарыма жететініме сенемін. Сол жолда барымды саламын. Әзірге, мұның барлығы мен үшін тәжірибе. Қазір жұмыс таңдайтын заман емес. Осыны ұқтым. Бірақ құр жүретін де кезең келмесе кетті. Ойда бір-қатар кәсіптердің жоспары тұр. Бұйырса, біршама қаражат жисам, ойлағанымды іске асыруды көздеймін.

Еңбек адамзатты өрге сүйейді. Соның ішінде жас күнінен бастап еңбекке ерте араласқандар озады. Жаһанға атағы жайылған ауқатты жандардың өмір жолына зер салсаңыз, бәрі тәуекелден бастаған. Ең негізгісі қай салада жүрсеңіз де, адал нәтижелі жұмыс жасауға ниеттеген абзал.

Түйіп айтқанда, еңбек ете білген адам нан қадірін біледі. Талаптанған азаматтың биік шыңдарды бағындырары сөзсіз.

Шыңғыс ҚАЙРАТ,
Glovo жеткізушісі:

– Карантин біздердің өмірімізді мүлде басқа арнаға бұрды. Бұған дейін күзетші болып істеп жүрдім. Арасында әр жерде жұмыс жасадым. Бір күні танысымды жолықтырып қалдым. Өңгімелесе келе, қалжыайымды айттым. Ол болса мені Glovo-ға жұмыс істеуге шақырды. Осылайша жеткізу қызметтерінде жүргеніме 1 жылдан асты. Табысы жақсы. Қазір көлік сатып алдым. Алғашында жаяу қатынадым. Одан көп шаршайсың. Бүгіндері тірлігім оңалды. Менің түсінгенім тынбай, тірлік жасай беру керек екен. Сонда іс оңады. Қолым қалт етсе, жеке кәсіпті ашудың жайын зерделеймін. Жақында досым екеуіміз «электронды сервисті» дамытуды жоспарлап жүрміз. Өз елімізде AliExpress, Ozon сынды жеткізу қызметтерін дамытқымыз келеді. Алыс-жақын шет елге танымал болса, қаржының бір шеті Қазақстан арқылы айналымға түсетін болады. Біздер игі идеялар бағытында қозғалуды жөн санаймыз.



ТАЛБЕСІК

Ақ ұлпа – жердің ажары

Ғалам ғажайыбының бірі – ақ ұлпа. Мұның пайдасы, қыр-сыры жайында таңды таңға ұрып айта беруге болады. Биыл Алматыға қыс баяу келді. Жылдағыдан өзгереді.



КЕРЕК ДЕРЕК



Метеорология ілімінде қарға біршама түсінік береді. Атмосферадан түсетін әртүрлі пішінді ұлпа мұз кристалдары түріндегі жауын-шашын. Су буының сублимациясы

нәтижесінде өте шағын (0,1 – 0,2 мм) кристалдар үлкейіп, қар жұлдызшаларына айналады. Атмосферадағы турбуленттік қозғалыстың салдарынан ауадағы қардың жеке жұлдызшалары бір-бірімен ұйыса бірігеді, яғни жерге жапалақ қар (диам. 8–10 мм) жауады. Ауа температурасы 0°C-тан төмендегенде бұлттардан жауады.

Қоңыржай ендіктерден бастап солтүстіктің және оңтүстіктің жоғары ендіктеріне қарай жайласқан аймақтарда қардың көп түсуінен Жердің қар жамылғысы пайда болады.

Біздің қазақ жерінің атмосфералық жағдайы әртүрлі. Бір-біріне аса қатты ұқсамайды. Солтүстікте 6-7 метр шамасында қар жамылғысы жатады. Ал соған керісінше жағдай оңтүстік аймақта байқалады. Мұнда 2-3 айдан аспайды. Тіпті, бұдан біршама аз болуы да ықтимал. Кең-байтақ даламыз осындай ғажайыптармен ерекшеленеді. Қансонар болып, бүркіт салады. Бұл да болса, көшпенді халықтың айрықша өнеріне жатады. Осылайша жердің бетін жапқан қалың қарды пайдаға асырған.

Дүние жүзінде емдік, шипа көру мақсатында қармен денені майлау, ысқылау үрдісі бар. Әскери жүйеде жаттығу мақсатында шынығады. Қарап тұрсаңыз, табиғат пен адамзат біте қайнасканын аңғарасыз.

Көңіл сергітеді

Бүгінгі күн ерекше. Айналаны ақ ұлпа басты. Ағаштар да айрықша кейіпке енгендей. Осындай ғажайыпта серуендеу әркімнің қиялын дамытары сөзсіз. Далада балалар ойнап, қыз-жігіттер бірін-бірі қармен атқылап әлек болғанын байқайсыз. Әсіресе, таңертеңгі көңіл күйді айтсаңызшы. Көптен бері ызғар, үскірік аязды да сағыныппыз. Осы орайда Абай атамыздың «Қыс» туралы өлеңі ойға оралып тұр. Ақын:

Ақ киімді, денелі, ақ сақалды,
Соқыр, мылқау, танымас тірі жанды.
Үсті-басы ақ қырау, түсі суық,
Басқан жері сықырлап, келіп қалды, –

деп қыс мезгіліне өлең арнапты. Осыдан-ақ, қыстың ажары ақ қар екенін аңғаруға болады.

Қардың пайдасы



Бұрынғылар «Қыста қар қалың түссе, жазда егін мол болады» дейтін. Қандай данышпан адамдар өткен десеңізші?! Мұның растығын бүгінгі ғылым дәлелдеп жатыр. Түйіндегенде, ақ ұлпаның пайдасы зор, берер әсері мол демекпіз.

Бетті әзірлеген Олжас ЖОЛДЫБАЙ.